Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 41 (1200)

18.10.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

«ONAY!»-ДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘЗІРГЕ ОҢАЙ БОЛЫП ТҰР

ЗАМАН АҒЫМЫНА ҚАРАЙ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛУДА. МҰНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ТҰСЫ ДА БАР. АЛ ЖЕКЕ ТҰРҒЫНДАР ҮШІН, ЯҒНИ ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА ӘЖЕПТЕУІР САЛМАҚ САЛАДЫ ДЕП АЛАҢДАҒАН «ONAY!» КАРТАСЫ ТУРАЛЫ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА ГУ-ГУ ӘҢГІМЕ БОЛҒАН-ДЫ. ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ АЛАТЫН ӨҢІР БОЛҒАНДЫҚТАН «ONAY!» КАРТАСЫ КӨПШІЛІКТІҢ КӨҢІЛІН АЛАҢДАТҚАНЫ ДА РАС.

Қазан айы басталғалы іске қосылған жаңа жүйеге қала халқы үйренісіп те қалды. Әзірге қала ішінде қатынайтын көлік бағасы көтеріліп кеткен жоқ. Бұл уақытша амал болуы да мүмкін.

«ONAY!» картасын алғандар бұрынғы баға бойынша, ал карта сатып алмағандар 120 теңгеден төлем жасауда. Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, жаңа жүйе арқылы қаладағы жол жүру ақысы әзірге қымбаттамайды, егер Абай, Тараз сияқты халық саны екі жүз мыңнан аспайтын қалаларда «ONAY!» тарифы өзгерсе Жетісу облысы да сол тарифке көшеді. Анығын айтқанда, Астана, Алматы сияқты үлкен қалалардағы «ONAY!»-дың тарифі кішігірім қалаларға әлі енгізілмегендіктен төлем бұрынғы көлік бағасы арқылы жасалуда. Қазіргі күнде қала халқының автобусқа төлейтін төлемақы бағасына алаңдауға еш негіз жоқ.

«Алдағы уақытта халық санына байланысты басқа облыстарда «ONAY!»-дың төлем жүйесі бір жүйеге көшкенде, біз де соған көшетін боламыз», – дейді қалалық әкімдіктегілер.

Бүгінде қалада 480-нен астам аялдама, 26 бағыт бойынша тасымалдауды қамтамасыз ететін 228 автобус бар. Одан бөлек 7 тасымалдаушы жұмыс істейді. Қаланың 40 мыңнан астам тұрғыны жеңілдік алатын санаттарға жатады. Қазіргі таңда қаладағы қоғамдық көлік «ONAY!» жабдықтарымен толық жабдықталған. Сондай-ақ, көлік карталары және QR арқылы жол ақысын төлеуге арналған, қолма-қол ақшамен төлеуге арналған мобильді көлік терминалдарымен, бақылаушының портативті терминалдарымен қамтамасыз етілген.

Жалғасы 2-бетте

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

«ONAY!»-ДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘЗІРГЕ ОҢАЙ БОЛЫП ТҰР

Жалғасы . Басы 1-бетте

Қалада оқушылар, колледж студенттері, 70 жастан асқан зейнеткерлер, көпбалалы аналар, оның ішінде ордендермен марапатталғандар, 1 топтағы мүгедектер, 7 жастан – 18 жасқа дейінгі балалар дербестендірілген жеңілдік карталарын пайдаланады. Жеңілдікпен жол жүру карталары тек жеке куәлік бойынша берілетін болады. Бұл жүйе пайдаланушылар санын анықтауға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, карталар қалаларда «ONAY!» қызмет көрсету орталықтарында, теміржол вокзалдары мен әуежайларда, газет дүңгіршектерінде, «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде, тасымалдаушы автопарктер сияқты қолжетімді нүктелерде сатылады. Жеңілдік карта түрлерін алу үшін тұлғаларды тіркеу оқу орындарында, аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде, сондай-ақ «ONAY!» қызмет көрсету орталықтарында жүзеге асырылуда. Республика бойынша жүзеге асып жатқан бұл өзгеріске Талдықорған тұрғындары да мойынсынуға тура келеді. Бұл жүйенің картасын алуда, жеңілдетілген түрі де бар.

Карталарды рәсімдеу үшін қан-дай құжаттар қажет, жол ақысын қалай төлеу керек, карталарды толтыру туралы ақпарат компанияның сайтында onay.kz және әлеуметтік желілерде @onay.kz үнемі жаңартылып отырады. Мектеп оқушылары да, әлеуметтік осал топ өкілдері де осы қатарға кіреді.

Талдықорған қаласындағы «Оқушы» және «Әлеуметтік» карталары 1 қазанға дейін электрондық билеттеу жүйесін іске қосу аясында тегін негізде шығарылған. Осы жүйені облысқа әкелген «Алматы қаласының «Көлік холдингі» ЖШС (АКХ) директоры Дәурен Сәбитов бұл бастаманың қала инфрақұрылымына тигізер пайдасының көптігін айтады.

Бүгінгі таңда Алматы, Қарағанды, Балқаш, Саран және Теміртау қалаларында электрондық билеттендіру жүйесінің жұмысын қамтамасыз етіп келеді. Компанияның миссиясы: күнделікті тапсырмалар үшін қарапайым шешімдерді ұсыну екенін айтқан Д. Сәбитов көлік карталарын «ONAY!» мобильді қосымшасы арқылы толтыруға болатынын да тілге тиек етті.

Ал өзіне-өзі қызмет көрсету үшін төлем терминалда-ры, интернет-банкинг, «Қазпошта» филиалдарына жүгіну тиіс. «ONAY!» мобильді қосымшасында виртуалды көлік картасы жасалды. «Бірыңғай» пластикалық көлік картасын сатып алудың қажеті жоқ (бұл жол ақысын төлеуге арналған стандартты карта, жеңілдіксіз) – «ONAY!» мобильді қосымшасын жүктеп, тегін негізде виртуалды картаны шығарып, толтыру және QR коды арқылы қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу жеткілікті. Талдықорған қаласына енгізілген «ONAY!» жаңа жүйесі көлеңкелі айналымның жолын кеспек.

Айтақын МҰХАМАДИ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

47 ПАЙЫЗ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ЖИНАЛАДЫ

ӨҢІРДЕ ТӘТТІ ТҮБІРДІ 597 ШАРУАШЫЛЫҚ 13 700 ГЕКТАР АЛҚАПҚА ЕКТІ. АЛ ОДАН 615 МЫҢ ТОННА ӨНІМ АЛУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

Бүгінгі күнге дақылдың 47 пайызы жиналып, 303 мың тонна өнім алынды. Жиналмаған қызылшаның көлемі 7,2 мың гектар. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев Б. Құранбек атындағы Журналистер үйінде БАҚ өкілдерімен кездесуде мәлім етті.

Жетісу облысында Көксу қант зауыты қызылша қабылдауды уақытша тоқтатты. Ауа райының күрт өзгеруіне байланысты жинақталған дақылдың сөлі аға бастаған. Шаруалардың еңбегін еш кетірмей өңдеп алу үшін Көксу қант зауыты 10 күнге мәжбүрлі түрде қабылдауды тоқтатты. Нысан қазанның 22-нен бастап өнімді қайта қабылдай бастайды.

Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының сөзіне сүйенсек, жергілікті билік те, кәсіпорын басшылары да шаруалардың өнімі далада қалмайды деп уәде беруде.

Айта кетейік, шаруаларға мемлекеттік субсидия беру бойынша 13 млрд. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 69 өтінім түсіп, оның 36-сы қарастырылды. 1 млрд. теңгеден астам қаражат диқандардың есепшоттарына аударылды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

СЕМИНАР

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНЕ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

«АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУДАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ ӨТТІ.

Шара ауыл және қала мектептері арасында білім беру жүйесінде берік байланыс орнатуға, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Айта кету керек, бүкіл процесс семинарлар, вебинарлар, тағылымдамалар, шеберлік сабақтары түріндегі әдістемелік қолдаумен сүйемелденеді. Әдістемелік көмек 2025 жылға дейін жалғасады.

Бұл жолы аудандық мектеп өкілдері үшін Зияткерлік мектеп мұғалімдері бейіндік пәндер бойынша арнайы бағдарлама әзірлеп, тәжірибе алмасу үшін жағдай жасады. Сонымен қатар, семинар қатысушылары үшін «Басқару және менеджмент» тақырыбында кездесу өткізілді.

«Ауылдық жердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» – бұл білім беруді тұрақты дамыту қоры мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Серіктестік бағдарламасы. Жоба Қазақстанның 17 облысында қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және қала мен ауылдық жерлер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайтуға бағытталады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

УСТАНОВЛЕНЫ НОВЫЕ ТРЕБОВАНИЯ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ГРАЖДАНСТВА

Установлены требования к знанию госязыка для получения гражданства Казахстана

Министр науки и высшего образования приказом от 8 октября 2024 года утвердил объем знаний государственного языка на элементарном уровне, основ Конституции, а также истории Казахстана при приеме в гражданство или восстановлении в гражданстве РК, сообщает Zakon.kz.

Утвердить объем знаний государственного языка на элементарном уровне не менее 36 баллов, основ Конституции РК не менее 9 баллов, а также истории Казахстана не менее 15 баллов при приеме в гражданство или восстановлении в гражданстве Республики Казахстан, — говорится в документе.

Приказ введен в действие с 12 октября.

Напомним, в июле текущего года введены в действие поправки в закон «О гражданстве Республики Казахстан», в соответствии с которыми ходатайство о приеме в гражданство или восстановлении в гражданстве РК отклоняется, если лицо, ходатайствующее об этом, не знает государственный язык на элементарном уровне, основы Конституции РК, а также историю Казахстана в объеме, определяемом уполномоченным органом в области науки и высшего образования.

К 30-ЛЕТИЮ АНК

БОЛЕЕ 150 МЕРОПРИЯТИЙ ПРОЙДУТ В ЧЕСТЬ ПРАЗДНОВАНИЯ 30-ЛЕТИЯ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В 2025 ГОДУ, ПЕРЕДАЕТ DKNEWS.KZ.

КАЗАХСТАН ГОТОВИТСЯ К МАСШТАБНЫМ ТОРЖЕСТВАМ В 2025 ГОДУ

В Доме дружбы города Астаны состоялось расширенное заседание Совета Ассамблеи народа Казахстана.

В мероприятии приняли участие заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана — заведующий Секретариатом АНК Администрации Президента РК Марат Азильханов, вице-министр культуры и информации РК Айзада Курманова, председатель Комитета по развитию межэтнических отношений Министерства культуры и информации РК Галым Шойкин, депутаты Парламента РК, члены Совета АНК, а также представители этнокультурных объединений и общественных структур АНК.

На мероприятии были рассмотрены вопросы реализации поручений Главы государства, озвученных на XXXIII сессии Ассамблеи народа Казахстана, в Послании Президента народу Казахстана, а также обсуждена работа по подготовке празднования 30-летия АНК в 2025 году.

Заведующий Секретариатом АНК Администрации Президента РК Марат Азильханов в своем выступлении выразил благодарность активным членам Ассамблеи, которые принимают активно участие в благотворительных акциях АНК. Им также был отмечен ход реализаций 13 специальных проектов АНК, которые способствуют укреплению единства казахстанского общества, а также формированию правильных ценностных ориентиров у нашей молодежи.

Вице-министр культуры и информации РК Айзада Курманова подробно рассказала о планируемых мероприятиях, посвященных 30-летию АНК в 2025 году. В частности, она отметила, что в рамках празднования 30-летия Ассамблеи планируется организовать более 150 мероприятий различного формата по всей стране и за рубежом с охватом не менее 1,5 млн человек.

Также членами Совета АНК были утверждены положения о Республиканском совете этномедиации АНК, об Ассоциации творческих коллективов АНК, о студенческой АНК, о Клубе молодых ученых при Научно-экспертном совете АНК, а также были одобрены решения об общественных наградах Ассамблеи.

ОБРАЗОВАНИЕ

СБОР ДЕНЕГ В ШКОЛАХ: В МИНПРОСВЕЩЕНИЯ СДЕЛАЛИ ЗАЯВЛЕНИЕ

ГЛАВАМ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ НАПОМНИЛИ, ЧТО УЧИТЕЛЕЙ НЕЗАКОННО ПРИВЛЕКАТЬ К СБОРУ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ В ШКОЛАХ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ.

Минпросвещения провело совещание с участием более двух тысяч руководителей организаций образования, представителей территориальных департаментов. На мероприятии разъяснили вопросы коррупции.

Особое внимание уделили предотвращению незаконного сбора денег на территории организаций образования под разными предлогами, а также нарушениям, связанным с профессиональной деятельностью педагогов.

В ведомстве напомнили, что педагогов запрещено привлекать к работам, не связанным с их профессиональной деятельностью, и возлагать на них обязанность по приобретению товаров и услуг.

При выявлении фактов незаконного сбора денег или других коррупционных проявлений рекомендуется сообщать по номеру: +7 (7172) 74 23 92.

Отметим, согласно закону РК «О статусе педагога», при осуществлении педагогом профессиональной деятельности не допускаются:

— привлечение его к видам работ, не связанным с профессиональными обязанностями;

— истребование у него отчетности либо информации, не предусмотренной законодательством Республики Казахстан в области образования;

— проведение проверок, не предусмотренных законами Республики Казахстан; возложение на него обязанности по приобретению товаров и услуг.

ОБРАЗОВАНИЕ

СКОЛЬКО ДНЕЙ ОТДОХНУТ ШКОЛЬНИКИ НА ОСЕННИХ КАНИКУЛАХ

В казахстанских школах завершается первая четверть. В пресс-службе Министерства просвещения рассказали, когда начнутся осенние каникулы и сколько дней отдохнут школьники, сообщает Zakon.kz.

Согласно сообщению ведомства:

«Осенние каникулы продлятся семь дней — с 28 октября по 3 ноября 2024 года включительно».

В целях эффективного и безопасного проведения, личностного развития в период осенних каникул и досуга школьников министерство предлагает план мероприятий в рамках программы «Біртұтас тәрбие».

В план входят мероприятия, направленные на формирование ценностей, таких как: патриотизм, справедливость и ответственность:

в рамках реализации проекта «Детская библиотека» внутришкольное мероприятие «Читаем книги на каникулах»;уроки безопасности: «Буллингтен қорғаң»;проведение ярмарки «Күзгі асар»;организация работы школьного театра.

В министерстве уточнили, что самым важным остается обеспечение безопасности детей.

С этой целью предлагается обратить особое внимание на проведение мероприятий по профилактике дорожно-транспортного травматизма вместе с родителями, соблюдению правил внутреннего распорядка школ, мерам безопасности детей на улице, пожарной безопасности дома, кибербезопасности.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ?

«АУЫЛДЫҢ ЖАҢҒЫРЫП, ЖАҚСАРУЫ – БӘРІМІЗГЕ МЕРЕЙ»

дейді Жетісу елді мекенінің тұрғындары

«ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ, ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ». БҰЛ ТӘМСІЛДІҢ ЕЛ ІШІНДЕ АЙТЫЛЫП КЕЛЕТІНІНЕ БІР ҒАСЫРДАН АСА УАҚЫТ ӨТСЕ ДЕ КҮНІГЕ ДЕЙІН ЕШ МАҢЫЗЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ. АУЫЛДЫҢ ГҮЛДЕНУІМЕН ОСЫНДА ТҰРЫП ЖАТҚАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АҢҒАРУҒА БОЛАДЫ. БІЗ ТАБАН ТІРЕГЕН ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ЖЕТІСУ АУЫЛЫ АЖАРЫ КЕЛІСКЕН ЕЛДІ МЕКЕННІҢ БІРІ ЕКЕН.

Төлеңгіт ауылдық округінің орталығы болып табылатын Жетісу ауылында тұратын халық саны 1567 адам. Жалпы округке үш бірдей елді мекен қарайды: Жетісу, Екпінді және Жеңдік ауылдары. Үш елді мекенді қосқандағы халық саны 2226 адамды құрайды.

Ауылдық округ әкімі Алмас Шаихов – Жетісу ауылының тумасы. Әкімдік міндетті атқарғанына үш жылдың жүзі болыпты. Алмас Құдайбергенұлымен тілдесудің орайы келмегенімен, бас маман Армангүл Шолан «әкім орнын ойсыратпай», сұраған мәліметімізге нақты жауап беріп, ауылды аралап көруге, ондағы ел жұртпен тілдесуге де септігін тигізді.

Бас маманның сөзінше, әкім Алмас Құдайбергенұлының ұйытқы болуымен ауылда ауыз толтырып айтарлық біраз шаруа жүзеге асқан.

Төлеңгіт ауылдық округі бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар шаш етектен. Нақты айтсақ, Жетісу ауылына 2 млн. 800 мың теңге қаражатқа электр трансформаторы қойылса, Дайыров көшесіне 26 дана, Жамбыл көшесіне 10 дана (жұмсалған қаражат – 16 млн. 800 мың теңге) түнгі жарық шамдары орнатылған. Сонымен қатар, ауылдың 4 бірдей көшесіне күн сәулесінен қуат алатын 36 дана жарық шамы қойылыпты. Ауылдық дәрігерлік амбулаториясы күрделі жөндеуден өткізіліп, қазіргі таңда біраз жұмыс бітіп, аяқталуға шақ қалған. Жеңдік ауылында блоктымодульді медициналық пункт салынып, ел игілігіне берілсе, дәл осы ауылда балалар ойын алаңы да бой көтерген. Екпінді мен Жетісу ауылдары арасындағы жол ағымдағы жөндеуден өткізіліпті. Биылғы жылдың соңына дейін ауыл халқы көгілдір отынның игілігін көреді деп күтілуде.

Төлеңгіт ауылдық округі әкімдігінде 5 мемлекеттік қызметкер: әкім, 3 бас маман және 1 жетекші маман; 5 техникалық қызметкер жұмыс істейді.

Округ бойынша ірілі-ұсақты 125 шаруа қожалығы бар екен. Істің қиюын келтіріп, тынымсыз еңбектің арқасында кәсібін дөңгелетіп отырған жандармен жолығып, тілдестік.

Еңбектен тапқан бақытын

Бақыт Сүйінбайұлы, «Түкібаев. БС» шаруа қожалығының төрағасы:

«*Тәуелсіздік біздің елімізге көптеген игілікті сыйлады. Осы жылдар бедерінде тұрғындардың өз алдына шаруа қожалығын ашып, дербес тірлік жасауына да мол мүмкіндік туды. Шаруасы шалқыған шаруа қожалықтары Жетісу ауылында да баршылық.*

Төлеңгіт ауылдық округінің орталығы болып табылатын Жетісу ауылында туып өсіп, бүгінде ауылымыздың көркейіп, гүлденуіне қал-қадірімізше үлесімізді қосып келеміз. Әке-шешем де осы ауылға еңбегі сіңген жандар. Яғни сонау колхоз болып құрылған кезеңнен әкем – мал шаруашылығында, анам – сауыншы болып еңбек етті. Отбасындағы төрт қыз, төрт ұл-ды тәрбиелеп жеткізіп, балаларын да ерте жастан еңбекке баулып өсірді. Ата-анамыздың салған сара жолымен біз де ауыл шаруашылық саласына үлесімізді қосып, еңбек етіп келеміз. 2012 жылға дейін ауыл шаруашылық саласында жүріп, сол жылдан бастап өзімнің жеке шаруа қожалығымды құрдым. Бүгінде «Түкібаев. БС» шаруа қожалығында азын аулақ жер мен мал шаруашылығын дамытып отырған жайымыз бар. Шаруашылықта екі тракторист, екі малшы бар, жазғы кезде сушыларды жұмысқа аламын. Ұлым – Расул екеуміз бірге шаруашылық жұмысын жандандырудамыз. Ауыл азаматтарын жұмыспен қамтып қана қоймай, әр мерекеде көпбалалы отбасыларына көмек көрсетіп тұрамыз. Сонымен қатар, шаруашылық жұмысынан бөлек қоғамдық жұмысқа да белсене араласамын. Ауылдағы мектептің Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып табыламын.

Ауыл деген руханиятымыздың темірқазығы, береке мен байлықтың бастауы ғой. Ауылдың таза ауасымен тыныстап, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алып өскен азамат ретінде туған топырағымызды барынша қадірлеп-қастерлеуге тиіспіз. Мен үшін ауылымнан артық жер жоқ және болмайды да. Сондықтан ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесімізді қоса береміз».

Санат Шахарбекұлы, «Зайтбеков. М» шаруа қожалығының төрағасы: «*Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» демекші, 2004 жылдан бері шаруа қожалығын құрып, жиырма жылдай болды, кәсібімізден нәсібімізді тауып отырмыз. Жермен айналысамыз, азын аулақ малымыз бар. Осыған дейін шаруашылықта 7 адам жұмыс істейтін. Дәл қазіргі уақытта 3 қана адамды жұмыспен қамтып отырмын. Неге десеңіз, жерден табатын табыс көлемі азайды десем болады.*

Жетісу ауылы – Ескелді ауданындағы ауыл. Төлеңгіт әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Қарабұлақ кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 7 км жерде, Талдықорған-Текелі автомобиль жолы бойында, бетеге, боз, жусан, көде өскен қара топырақты қоңыржай-ылғалды агроклиматтық белдемде орналасқан. Ауыл іргесі 1951 ж. қызылша өсіруге маманданған «Жетісу» ұжымшарын ұйымдастыруға байланысты қаланды. Оның негізінде Жетісуда 1997 жылы шаруа қожалықтары мен өндірістік кооператив ұйымдастырылды. Ауылда орта мектеп, емхана, мешіт, мәдениет үйі, т.б. бар (*Мәлімет уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынды*).

Ауылымыз жылдан жылға жанданып, тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Ауыз суымыз бар, жолымыз да асфальтталып, әр көше жарық шамдармен жарықтандырылды. Сонымен қатар, көгілдір отынмен қамтамасыз етілудеміз. Бұйырса жыл аяғына дейін газ толық тартылып бітуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қалаға жақындап қалдық, шүкір.

Бір ғана мәселе айтқым келеді. Соңғы екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы төмен кетіп барады. Оның себептері бар. Дақылдарымыздың өтпей жатқаны қынжылтады. Соя, бұршақ бағасы төмендеп кетті, жүгері туралы ауыз ашпай-ақ қояйын... Алатын жер бар болғанымен, өткізетін жер жоқ. Осы орайда Үкіметтен көмек қажет-ақ. Бұл бір менің ғана басымдағы емес, ауыл шаруашылығында жүрген азаматтардың ортақ мәселесі. Басым бөлігі алған бидайларын үйлерінде сақтап, өтпей жатыр.

Жалпы мал мен ауыл шаруашылығы біте қайнасқан ғой. Мал бордақылаумен шұғылданатын азаматтар еттерін өткізе алмай қиналуда. Осы жағынан айтарым, бұл аудан, облыстың емес, мемлекеттік мәселе болғандықтан Үкіметте отырған азаматтар бір шешім шығаруы тиіс қой. Олар өздеріне көп жүктеме алғысы келмейтіндей ме дейсің. Жанымызда алпауыт Қытай, мына жағымызда Өзбек мемлекеті тұр. Солармен алдын ала шарт жасасып, осындай ауыл шаруашылығы заттарын өткізе аламыз ба деп ұсыныс білдіру керек шығар. Керісінше, олар бұған құлықсыздық танытып отырғандай. Меніңше, бизнес деген трактордың дөңгелегі секілді жүріп тұруы тиіс. Егер дәл осындай жағдай қайталана берсе, ауыл шаруашылығы саласы құлдырауға ұшырайды. Сондықтан осы жағына көңіл бөлінсе деймін. Дей тұрғанмен мемлекеттен берілетін субсидия көмегі көрсетіліп жатыр. Бұл жағын жоққа шығаруға болмас».

«Панаң да ел, данаң да ел»

Болат Ержанұлы, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы: «*Әркімнің өз жері мысыр шаһары» деген ғой. Жетісу ауылында туып өсіп, біраз жыл қалада еңбек етіп, 2004 жылы ауылға қоныс тептім. Содан бері туған жеріме қызмет етіп келемін.*

Алғаш келген жылы ауыл әкімі Қанат Сатанов елді мекенге арық суын жеткізу бойынша жұмысқа қабылдады. 2019 жылдан бастап ауылға ауыз су берілді. Сол жылдан бастап ауыз суды басқару жұмысына бекітіліп, бүгінгі күнге дейін ауыз және арық суы бойынша жұмыстарға жауапты болып еңбек етіп келемін.

Ауыл туралы айтсақ, таңдытаңға қосып әңгімелеуге болады. Ауданға қарайтын ауылдық округтердің ішінде ауыз толтырып айтарлық елді мекен деуге болады. Ауылда жұмыс істеген әрбір әкім қал-қадірінше еңбек етіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлестерін қосты десем болады. Жаңа тағайындалған аудан әкімі елді мекен халқымен кездесуінде: «Мен сіздерге ананы-мынаны жасаймын деп үйіп-төгіп уәде бермеймін. Барлық дүние өз ретімен жасалады. Аудан бюджетінен ақша бөлінген кезде әрбір іс орнымен орындалып, шешілетін болады», – деген еді. Айтқандай-ақ, жұмыстар рет-ретімен жүзеге асырылып келеді. Атқарылып жатқан шаруа шаш етектен демесек те, ақырындап болса да жасалып жатыр. Асфальт төселінді, ауылдың ішкі көшелерінің 80 пайызы жарық шамдарымен қамтамасыз етілді. Өткен жылы көгілдір отынмен қамту мәселесі де қолға алынды. Биылғы жылдың соңына дейін бұл жұмыс аяқталып, елді мекен газбен толық қамтылады деп отырмыз. Ал атқарылып жатқан жұмыстың бәрі елдің бақылауында.

Төлеңгіт ауылдық округіне Жеңдік, Екпінді және Жетісу ауылы қарайды. Соның ішінде өткен жылы Екпінді ауылы газбен қамтылды. Жуырда ғана осы ауылдан блоктымодульді медициналық пункт ашылып, қолданысқа берілді.

Сондай-ақ, Жетісу ауылында дене сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Бұйырса жаңа жылға дейін толық аяқталып, қолданысқа берілмекші. Өткен жылы ауылдық дәрігерлік амбулаториясына пунктке күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Алайда, кейбір жұмыс толық аяқталмағандықтан қабылдаудан әлі өткен жоқ. Деген-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ?

мен, ауыл халқына медициналық көмектерін көрсетіп келеді.

Ауылға көрік беріп тұрған мекеме – 90 орынға арналған «Балдырған» балабақшасы. Соңғы жылдарда мектеп жасына дейінгі бала санының көбеюімен орын жетіспеушілігі туындап тұр. Алайда, бұл мәселе де ретке келеді деген ойдамыз. Сонымен қатар, жақын арада блокты-модульді ветеринарлық пункт қолданысқа беріледі деп күтілуде.

Тағы бір айта кетерлігі, ауылда әкімдіктің ғимараты жоқ. Бұрынғы колхоздың ескі ғимараты болғанымен, оған күрделі жөндеу жұмысы қажет. Бұл ғимарат аудан балансында тұрғанымен, оны жөндеуге қаражат мәселесі шешімін таба алмай келеді. Ауылдық округ болғандықтан бір әкімдіктің болғаны жөн ғой. Қазіргі таңда әкімдік Мәдениет үйіндегі бір бөлмені жалға алып отыр. Қолбайлау болып отырған мәселе де осы.

Ауылымызда еңбегімен елге танылған азаматтар да баршылық. Солардың бірі – Есенгелді аға. Бұл кісі сонау колхоз кезінен еңбек етіп келетін нағыз еңбекқор жан. Зейнет жасында болса да өзінің бау-бақшасын жайнатып отыр. Бау бақшаны баласы басқарғанымен үнемі басы-қасында жүреді. Осындай қазыналы қарияларымыз барда ауыл еңсесі биік, түтіні де түзу шыға берері сөзсіз.

Ауыл әкімі – осы ауылдың тумасы. 2021 жылға дейін Қанат Сатанов басқарды. Үш жылдай болды Алмас Шаихов тағайындалды. Әкімнің әр ісінен хабардар болып отырамыз. Жасалатын жұмыстардың бәріне күн-түн демей жүгіріп, үнемі елдің үніне құлақ түріп, еңбек етіп келеді.

Қырық жылға жуық ел басқарған қазақ халқының аса көрнекті қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың: «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортақ – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»,– деген сөзі бар емес пе. Сол айтқандай, Төлеңгіт ауылдық округінің әкімі Алмас Құдайбергенұлын туған жерін қадірлейтін, қарапайымдылық пен кішіпейілділікті бойына жинаған қараша халықтың жанашыры ғана емес, нағыз ұлтжанды

патриоттың өзі деп айтар едім».

Ауыл тынысымен танысуда бас маман Армангүл Шолан ауылдық дәрігерлік амбулатория туралы да аз-кем мәлімет беріп өтті. Айтуынша, іргесі 1978 жылы қаланған амбулаторияда 1 – дәрігер, 3 – медбике, 2 – фельдшер, 1 – акушер, 1 – зертханашы (лаборант), 3 – кезекші және 1 – жүргізуші еңбек етеді. Биыл жаңадан жедел жәрдем көлігі беріліпті.

«Диспансерлік тексеруде тұратын науқастарға диагнозына сай тегін дәрілер беріліп тұрады» деген ол жыл сайын тұмауға қарсы екпе де салынатынын тілге тиек етті.

Ауылдың «Айболиті»

Қимақас Үмбетәліқызы, ауыл тұрғыны: *«Ауылдық дәрігерлік амбулаториясының бір бөлмесін жалға алып, дәріханалық пункт ашқанбыз. Амбулаторияға күрделі жөндеу жұмысы жүргеннен кейін әлі арендасын төлегенім жоқ. Ең алдымен осы мәселені айтсам.*

Қазір дәріханалық пункттерді жабамыз деп жатыр екен. Барлық ауылда медициналық пункт ашып жатқанда, дәріханалық пункт не үшін жабылу керек, осы жағын түсіне алмадым. Бұл дәріхана емес, жай ғана пункт болса да ауыл тұрғындары үшін қолайлы болып тұр. Сіздердің газет арқылы ішкі үнімді жеткізсем, естір құлақ болса...

Жолдасым фармацевтикалық салада, өзім балалар дәрігері болып еңбек еттім. Қазір екеуміз де зейнеткерміз. Құр жатпайық деп ауылдан осындай дәріханалық пункт аштық. Ауыл халқы ауданға сабылмай, керек дәрісін сатып алады, қарызға да береміз. Ауыл іші болғандықтан бір-бірімізді жақсы танимыз ғой.

Өзім осы ауылдың тумасымын. 2001 жылдан бастап Жетісу ауылдық амбулаториясына меңгеруші болып келдім. Содан тапжылмай он алты жылдай еңбек еттім. Зейнеткерлікке шыққан соң да алты жыл жұмыс істедім.

Ауылға алғаш келгенде жағдайымыз өте қиын болды. Амбулаторияда үш кабинетте ғана отыратын едік. Өзіміз пеш жақтық. Ол кездері дәрігер жетіспегендіктен екі ауылға бірдей жұмыс істедік. Аптаның әр сәрсенбісі күні таңғы жетіден тұрып Сырымбет ауылына зертханашы (лаборант) екеуміз жаяу қатынап баратынбыз. Үнемі иығымнан дәрігерлік сөмкем түскен емес. Сөмкені асынып алып жүретін мені көрген балалар «доктор Айболит келе жатыр» деп күледі екен.

2006 жылы амбулаториямызға күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, есімізді жидық. Сол жылдан бастап медицинаның жағдайы да жақсара бастады. 2014 жылы жедел жәрдем көлігі берілді. Дәрігерлік мамандық үлкен жауапкершлікті талап ететіндіктен сенбі, жексенбі, мейрам күндерге де қарамай жұмыс жасадық. Науқастан хабар келді ме үйдегі қонаққа да қарамай, зыр жүгіріп кете беретінбіз. Осылай жүріп медицина саласында қырық жылға жуық еңбек етіппін.

Рас, бір кездері ауылдың да күйі мәз емес еді. Дегенмен, соңғы он бес жылда ауылымыз жанданып шыға келді. Көшелер жарықтандырылды, жолдарға асфальт төселді. Ауыз су мәселесі де оңынан шешімін тапты. Тұрғындардың 80-90 пайызы үйлеріне су кіргізіп алған. Енді, міне, газ жүргізіліп жатыр. Ауылдағы халықтың жағдайы қаладан артық болмаса, кем емес дер едім.

Әкіміміз де осы ауылдың тумасы. Елмен етене жұмыс жасай білетін білікті азамат. Бүгінде халқы үшін қалтқысыз еңбек етіп, туған өлкесінің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар саусақпен санарлық десек, солардың қатарына біздің әкімнің де есімін қосар едім».

Мектеп – білім бұлағы

Әлия Исабаева, Екпінді бастауыш мектебі бар Жетісу орта мектебі директорының міндетін атқарушы: «*Биылғы шілде айының 31-інен бастап директордың міндетін атқарушы ретінде қызметке кірісіп, қазіргі таңда осы міндетті атқарып келемін. Алты ай өткен соң директорлық қызмет бойынша арнайы конкурс жарияланады. Конкурстан өткен адам, басшылық қызметке тағайындалады. Өзім тарих пәнінің мұғалімімін. Осы жерде еңбек еткелі 25 жылдың жүзі болды.*

Мектебімізде 403 оқушы білім алады. Үш елді мекеннен балалар қатынап оқиды (Өрқұрсақ, Екпінді және Жеңдік). Жетісу ауылы мен Жеңдіктің арасы 7 шақырым. Яғни үш ауылдан 100-ден аса бала автобуспен тасымалданады. Оның ішінде Екпінді ауылынан 61 бала, 13 бала – Жеңдіктен, Өрқұрсақтан 64 бала қатынап оқиды. Күнделікті автобусқа арнайы кезекші мұғалім жүктеледі. Ол бірге барып балаларды жинап келеді. Жалпыға бірдей

міндетті білім беру қорынан 82 бала, одан кейін 1-4 сынып арасындағы 113 бала тегін тамақтанады (барлығы 195 бала). Күнделікті тамақ пен ас мәзірін және оның берілуін мектеп медбикесі және әлеуметтік педагог қадағалайды.

Балаларымыз екі ауысымда оқиды. Түстен кейін оқитын балалар үшін де ыстық тамақ беріледі. Түстен кейін оқитындардың

сабағы кешкі 19:30 аяқталады. Осыған орай сағаттың да ауысуы қисынсыз болып тұр. Кешкісін ата-аналары алдынан шығып, қарсы алып алады.

2022-2023 жылғы оқу жылында 14 бала 11-сыныпты бітірсе, 2024-2025 жылы 31 бала бітіреді деп күтілуде. Оның 3-еуі Алтын белгіге, 3 түлек Үздік аттестатқа үміткер.

Ұжымда 50 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде 7-еуі бастауыш мұғалімі және 3 жас маманымыз бар. Қазақ, орыс және ағылшын тілінен сабақ беретін оларға арнайы тәлімгерлер де бекітіліп қойған.

Мектеп іргесі 1967 жылы қаланған. 2008 жылы күрделі жөндеуден өткізілді. Одан бері 16 жыл өтті. Негізі ағымдағы жөндеуден өтіп тұрады.

Оқушыларымыз аудан, облыс көлемінде өтетін байқауларда жүлделі орын алып жүр. Ауданға қарасты 11 ауылдық округтегі білім ошақтары арасында мектебіміз алтыншы орында. ҰБТ-ға мектеп мұғалімдері қыркүйек айынан бастап оқушыларды дайындауды қолға алады. Сонымен қатар, кейбір балалар өз қалаулары бойынша қаражатын төлеп, онлайн курс алып жүр. Өткен жылы бітірген 14 баланың 6-уы ҰБТ-ға қатысып, 4-еуі грант иегері атанды.

Дина Ғалымқызы, жас маман: *«Осы ауылдың келіні боламын. Биылғы күзден бастап мектепке орыс тілі мен әдебиет пәнінен мұғалім болып орнықтым. Өзім – Алакөл ауданының тумасымын. 2015 жылы бастауыш мамандығы бойынша оқып бітірдім. Ал 2021-2023 жылдар аралығында орыс тілі мен әдебиет пәні бойынша қосымша білім алып, бүгінде осы пән бойынша жұмысқа тұрдым. Ұстаздықтан бөлек сынып жетекшілік қызметін атқарамын.*

Мұғалім болу бала кезден бергі арманым еді. Бүгінде сол арманға қол жеткізіп, ұстаздық жолдағы алғашқы қадамды бастадым. Өз пәнімнің білікті маманы болуы үшін арнайы тәлімгер Гүлнар Жұмановадан да үйренерім көп».

Мадина Маратқызы, жас маман: *«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде қазақ тілі мен әдебиет бойынша білім алдым. 2018 жылы мектепті бітірген соң аталмыш университетке оқуға түсіп, биыл диплом алып, еңбек жолымды өзім оқыған мектебімде бастап отырмын.*

Оқушы кезімнен қазақ тілі пәнінен сабақ берген Рушан Зайтбекова апайыма қатты қызығып, сол кісідей мұғалім болсам деуші едім. Мектепті бітірген соң арманыма қанат бітіріп, ұстаздық жолды таңдадым. Қазіргі таңда 6 және 8 сынып оқушыларына сабақ беремін. Жас маман болғандықтан тәлімгер ретінде бекітілген Әсел Әбдікәрімовадан талай нәрсені үйреніп, бойыма сіңіріп жатырмын.

Жалпы ұстаздан дәріс алмаған адам жер бетінде жоқ десе де болар. Бұл мамандық содан да киелі. Жан-Жак Руссоның «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» деген нақыл сөзін жаныма жалау етіп ұстаймын. Бұл жолда аянбай еңбек етуге бар күшімді саламын».

Жетісулықтармен тілдесуде олардың әрқайсысы ауыл жайы туралы тебіреніп: «Ауыл деген алтын ұямыз. Қастерлі қара шаңырақ. Оның өркениет легінен шет қалмай, жаңғырып, жақсаруы – бәрімізге мерей» дейді. Расында ауыл деген алтын тамыр ғой. Олай болса, алтын тамырымыздан қол үзбейік.

Сарби ӘЙТЕНОВА
ТАЛДЫҚОРҒАН – ЖЕТІСУ

Дүйсенбі - Понедельник, 21 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер»
06.30, 04.15 «Інжу-маржан»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Қол созған үміт»
12.10, 02.45 Тату-тәтті
14.10 «Апта»
15.00 Т/х«Замандастар»
17.10 «Қызық екен»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 т/х «Сен қасымда болмасаң»
22.15 Телехикая «Өгей өмір»
23.15 «1001 түн»
00.50 «Ашық алаң»
01.45 «Сана»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 «Әке бақыты»
07.00 «Оян»
10.00 сериал
10.25 Сериал Лестница в небеса
12.00, 20.00 Т/х «Әйел бақыты»
14.00, 21.45 Т/х «Үлкен үй»
15.00 шашу
16.00, 22.30 сериал
18.00 біздің назарда
18.30 Новости
19.00 әлеумет
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
07.00 м/с Маша и медведь
09.00, 21.00 Алпарслан түрік т/х
10.00 Адасқан сезім
11.35 «Жігіттің Сабаздары»
13.15 Бажа
14.00, 02.00 сериал
15.10 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 үнді т/х Адасқан сезім
23.25 Мұрагерлер
01.00 т/х Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00.02.50 Паутина
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстани
09.00 «Доброе утро. Казахстані»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся»
11.55 сериал «Плацента»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz»
20.00 « Гавные новости»
20.35 сериал «Крепкие орешки-з»
00.05 ночной кинотеатр. «Женщины и прочие неприятности»
01.10 «Новости»
01.25 «Жаңалықтар»
01.40 «Koremiz»
02.25 «Басты жаңалықтар»
02.50 «паутина»
03.30 «Кешкі кездесу»

КТК

07.05 «Әнім сен едін
08.05 «Намыс»,
10.30 «До свадьбы заживет», мелодрама (повтор)
15.30 «Королева игры», мелодрама.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никто не совершенен», мелодрама.
23.50 «Шеф-5. возвращение», остросюжетный детектив
02.00 «Королева игры», мелодрама (повтор)
04.10 Астарлы ақиқат (қайталау)
04.55 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Бумеранг»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Ризамын
07.10 Time Vine
07.30 Tik Tok show
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала»
11.10 «Келіндер бәйгесі»
12.20 Кино. «Маған назар аудар»
14.50 Кино.
17.50 Кино. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рэмбо. Первая кровь-2»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.10 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.20 «Келіндер бәйгесі» (повтор)
01.20 Журнал Almaty Open.
01.30 Time Vine
02.30 Tiktok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Oain
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45 Алданған арман
07.45.16.50 Кухня Великолепного века
08.00, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 Сериал «Рая знает»
13.00 Худ, фильм «Полосатый рейс»
15.00 сериал «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 сериал «Осиное гнездо»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлымен». Қоғамдық-саяси ток-шоу
02.10 Телехикая
02.55 «Жеңіп көр». Бағдарлама
03.55 «Япырай»
04.40 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.42 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 22 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00. 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая «Қол созған үміт»
14.10 «Ақорда»
12.10 Тату-тәтті
14.20 «Дәуір даналары». деректі фильм
15.00, 21.25 телехикая «Сен қасымда болмасаң...».
16.00 телехикая «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң».
22.15 телехикая
23.15 «1001 түн»
00.50 «Ашық алаң».
01.45 Әлем және біз
02.05 сана
03.05 «Тату-татті». реалити-шоу
04.35 Бірегей
05.15 Ауылдастар

ХАБАР

05.00 «Әке бақыты»
07.00 «Оян»
10.00 Сериал
12.00, 20.00 Телехикая «Әйел бақыты»
14.00, 21.45 Телехикая
15.00 Деректі фильм
15.30 шашу
16.00, 22.30 сериал
18.00 Народный контроль
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Итоги»
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
07.00 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.00 «Адасқан сезім» телехикаясы
11.25, 23.25 «Мұрагерлер» телехикаясы
13.15 Бажа телехикаясы
14.00, 02.00 Сериал «На твоей стороне»
15.10 сериал
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
01.00 «Тақ тартысы» телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00. 02.50 Паутина
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал «Плацента»
14.00.01.10 «Новости»
14.15.01.25 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00.01.40 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал «Крепкие орешки-3»
00.05 ночной кинотеатр
03.30 «Кешкі кездесу»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.05, 05.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30, 05.30 «Намыс»
09.20 Вечерние новости (повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 Шеф-5
13.00 Мелодрама
15.00 мелодрама
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никто не совершенен», мелодрама.
23.50 Шеф-5
02.20 Мелодрама
04.20 Астарлы ақиқат (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Таза мекен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Қайырымдылық»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала»телехикаясы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 Tik Tok show
12.50 Time Vine
13.10 Кино. «Рэмбо. Первая кровь-2» (повтор)
15.20 Кино
17.50 Кино. Джеки Чан в боевико «Проекта»
20.00 Инфрмбюро (рус., каз.)
21.00 Кино. Бен Аффлек в боевике «Азартные игры»
23.10 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.20 «Келіндер бәйгесі» (повтор)
01.20 «31 езіла
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45 Телехикая «Алданған арман-2»
07.45 Кухня великолепного века
08.00, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал «Рая знает»
13.00, 21.00 сериал
15.10 сериал «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
02.10 телехикая Нағыз әке
02.55 «Жеңіл көр». Бағдарлама
03.55 «Япырай»
04.45 «Құтты қонақ» бағдарлама
05.47 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 23 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00.00.15 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая
12.10 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10, 01.40 «Қос палата»
14.35 Ақсауыт
15.00, 21.25 телехикая «Сен қасымда болмасаң»
16.00 телехикая «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң». Қоғамдык- саяси ток-шоу.
22.15 Телехикая
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
00.50 «Ашық алаң». Қоғамдық- саяси ток-шоу
02.05 «Сана»
03.05 «Тату-татті». Реалити-шоу 04.35 «Астық тасымалы». Арнайы жоба
05.00 «Ауылдастар

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 «Әке бақыты»
07.00 Оян
10:00 Сериал
12.00, 20.00 «Әйел бақытты»
14.00, 21.45 «Үлкен үй»
15.00 Шашу
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 Талқы
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
07.00 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.00 Адасқан сезім т/х
11.25,23.25 «Мұрагерлер»
13.15 Бажа
14.00, 02.00 сериал
15.25 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 Сериал «Карина красная»
01.00 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Кешкі кездесу
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
14.00, 01.10 Новости
14.15, 01.25 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 01.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.05 Ночной кинотеатр
03.30 кешкі кездесу

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.20 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Шеф-5»
13.00 мелодрама
15.00 мелодрама
19.30, 05.05 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама
23.50 о/детектив
02.20 мелодрама
05.30 намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Дала сыры»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Маска»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала» телехикаясы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 TikTok show
12.50 Джеки Чан в боевике «Проект а» (повтор)
15.00 Кино, Бен Аффлек в боевике «Азартные игры» (повтор)
17.30 Кино. Донни Иен в боевике «ИП МАН»
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино. Даниэл Димер в боевике «Торнадо»
23.10 Телесериал «Клюк венный щербет»
00.20 «Келіндер бейгесі» (повтор)
01.20 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Озіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Q-елі
06.45, 15.30 Телехикая «Алданған арман-2»
07.45 Кухня Великолепного Века
08.00, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал «Рая знает»
13.00, 21.00 сериал «Осиное гнездо»
15.10 сериал «Пока станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 Late night show with Динара Сатжан
02.10 Телехикая «Нағыз әке»
02.55 «Жеңіл кер».
03.55 «Япырай»
04.45 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.47 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

13 ЖАҢА МАМАНДЫҚ АШЫЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ СҰРАНЫСТАРҒА СӘЙКЕС ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АШЫЛУДА. МӘСЕЛЕН, БИЫЛ СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТУРИЗМ, ІТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА САЛАЛАРДАҒЫ ЖАҢА 13 МАМАНДЫҚ ОҚЫТЫЛУДА.

Жалпы қазіргі кезде өңірдегі коллеждерде 13 мыңнан астам студент білім алады. Облыстық білім басқармасының мәліметінше, өңіріндегі өнеркәсіп орындарының кадрлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін 80 кәсіпорынның өтінімдеріне сәйкес 15 колледжде 25 мамандық бойынша 876 адамды мақсатты даярлау қолға алынады. Соның ішінде биылғы 2024-2025 оқу жылына кәсіпорындардың өтінімдері бойынша 441 адам қабылданды. Сонымен қатар, облыста дуальді оқытуды жүзеге асыратын 14 мемлекеттік колледжде 3324 студент 32 мамандық бойынша білім алады. Бұл ретте 155 кәсіпорынмен 215 келісімшарттар жасалған.

«Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасына сәйкес жаңа кәсіптердің аймақтық атластарын қамтитын «Мамандығым – болашағым» бағдарламасын дамыту қолға алынып, оған облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде биыл облыс колледждерінде 13 жаңа мамандық ашылды. Атап айтқанда, кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері, графикалық жұмыстарды орындаушы, газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі, кран машинисі, автомобиль жөндеу слесарі, наубайшы, тазарту құрылыстарының технологиялық жабдықтарын монтаждаушы, қант өндіру операторы, химиялық талдау зертханашысы, ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы, көркем еңбек пәнінің мұғалімі, гид мамандықтар оқытылады. Бүгінгі таңда өңірге қажетті мамандықтарды анықтау жұмыстары жалғасуда, оны арнайы құрылған сарапшылардың жұмыс тобы атқарып жатыр», – деді облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіби білім беру бөлімінің басшысы Саят Батырбеков.

Осы ретте жаңа мамандықтар ашқан колледждердің қатарында «Жетісу» құрылыс-техникалық колледжі де бар. Мұнда биыл тұңғыш рет «Сәулет» мамандығы оқытыла бастады. Бұл қадамды еңбек нарығын жете зерттеудің нәтижесі деуге болады.

«Бүгінгі күні облыста сәулет және дизайн бағытында білікті мамандар жетіспейтіні анықталды. Осыған орай бізде қазір «Сәулет» мамандығының «Графикалық жобалау» біліктілігінде 25 студент білім алуда. Кадрлық құрам білікті оқытушылардан тұрады, соның ішінде өнеркәсіп орындарында тәжірибе жинап келгендер де бар. Оған қоса материалдық-техникалық базамыз да жаңартылды, бір сөзбен айтқанда кәсіптік мамандықтарды сапалы меңгеріп шығуға барлық мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, алдағы уақытта «Хаус-шебер» мамандығын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл біліктілікте студент электрик, дәнекерлеуші, сантехник сияқты бірнеше кәсіби мамандықты бірге игеріп шыға алады», – дейді колледж директоры Санат Рамазанов.

Бұл колледжде 500-дей студент 9 мамандықты меңгеруде. Жаңа мамандыққа оқып жүрген студенттердің бірі Альмира Ұзақбай колледжге 9-шы сыныптан кейін түскен.

«Кішкентайымнан сурет салғанды жақсы көретінмін. Сәулетші болуды бала күнімнен армандадым. Осы мамандықты оқып бітіргеннен кейін тұрғын үйлерді, коммерциялық нысандарды жобалауға қатысып, қаланың сәулетіне, ғимараттарды жаңғыртуға өз үлесімді қоссам деймін. Қазір біз цифрлық жобалауды меңгеріп жатырмыз. Бұл мен үшін өте қызық әрі пайдалы», – дейді студент А. Ұзақбай.

Жалпы Жетісу облысында 27 колледж бар, онда 13 213 студент дәріс алады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАРЫС

«САРДАР» ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНДА БАТЫР ТҰЛҒА РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ «САРДАР» ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ.

Үш кезеңнен тұратын «Сардар» әскери-спорттық ойынға 9-10-11 сынып оқушылары арасынан алты команда қатысты. Барлық команда АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу және жинау, пневматикалық мылтықтан дәлдікке ату және эстафет сынды кезеңдерден өтті.

Шара барысында лицей оқушылары батырлардың өмір жолымен танысып, оның ел үшін жасаған ерліктері туралы мағлұмат алды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Дархан Байсал-баевтың сөзінше мұндай шаралар өскелең ұрпаққа батырдың даңқты жолын жалғастыруға, Отанды қорғауға деген ниетті оятуға бағытталады.

«Бұл шара жастарға тек әскери дайындық емес, сондай-ақ, елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көмектесетін маңызды бастама болды», – дейді ол.

Жарыс өте тартысты және қызықты өтті. Ойын қорытындысы бойынша 10-шы «А» сыныбы 1-ші орынға, 11-ші «А» сыныбы 2-ші орынға ал, 10-шы «Б» сыныбы 3-ші орынға ие болды. Жеңімпаз командаларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталса, спорттық ойынға қатысқан командаларға ынталандыру сыйлықтары салтанатты түрде табыс етілді.

Әскери-спорттық ойынының басты мақсаты – оқушыларды әскери тәртіпке баулып, дене шынықтыру және патриоттық рухты нығайту. Еліміздің батыр тұлғасы Рақымжан Қошқарбаевтың және Сағадат Нұрмағамбетовтың есімі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады және оның Отан алдындағы ерен еңбегі мен ерлігі жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

ӘСКЕРИ ӨМІР

ШЕКАРАШЫЛАР СЫНАҚ ТАПСЫРУДА

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ САБАҚТАРЫН ТАПСЫРУДА.

Аталған сынақ жыл сайын ұйымдастырылады. Бақылау-тексеру сабақтарында әр әскери қызметші бірнеше сұрақтан тұратын түрлі пәндерден тестілеу өтеді. Сонымен қатар, жауынгерлік қарудан атып, спорттық нормативтер тапсырады.

Сынақ соңында әр шекара сақшысының көрсеткен нәтижесіне сәйкес, бөлек-бөлек баға қойылатын болады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЫҢАҚ

ӨЗІМ ҚАЗҒАН КӨР



Қалай ғана ішің күймес, қалай ғана қызғанбассың. Табандаған жиырма бес жыл бойына екеуара «әй» десіп көз алартысып, ыдыс-аяқ сылдырлатыспай бір шаңырақта отасқан. Егіз қозыдай жарасып, күні бүгін жұптарының жазылмайтынын қайтерсің.

Біз болсақ, шүйкебас екеуміз бас ноқталастырып, бірігіп түтін түтеткеннен кейін досқа күлкі, дұшпанға таба болмайық деп, бес жылға әрең шыдап, ақыры бет жыртысып, бір-бірімізге айтпағанды айтысып, демегенді дегісіп, ажырасып тынғанбыз. Қызым шешесіне тартып, ұлым мені жақтап, содан жұбайым басқа күйеуге шығып, мен басқа әйелге үйленіп күн кештік.

Көңіл көгендескен ол адамдармен де тұрлаулы тұрмыс құра алмай, жылдар жылжытып, бой аластатыстық. Ақыры жақсылар жолықпай, «жамандарды» жақтырмай жүріп, есіміз барда өзара қайта табыстық. Әзірге шүкіршілік, әйтеуір, дәм-тұзымыз жарасқандай. Десе де аптасына немесе айына бір шаңырақ астында «жаяу бұрқасын» борауын қоймайды.

– Жұмыстан неге кеш қайттың?

– Түстікті қайдан іштің, кіммен болдың?

– Телефонмен сылқ-сылқ күліп сөйлесетіндерің кім, ей, осы сенің? «Жарайды», «жолығармыз», «келерсің», «барармын» деп қиылып, үзіліп, үздігіп тұрғаның «мәймиіп» деген сияқты есер әңгіменің ұштығы шықса-ақ болғаны, ешкімнің «суфлеуінсіз-ақ», өзіміз құлшыныспен өрбітіп, өршітіп әкетеміз. Содан қураған қамысқа май құйып, от қойғандай маздатамыз-ау келіп.

Ашық-жарқын, көңілді жүретін кездеріміз де өте сирек кездеседі. Өткенде терлеп-тепшіп ас ішіп, жадырап шай сораптап отырғанымызда Титық пен Пәтуаның ұзағынан сүйіндірген отбасылық өмірлерінің ширек ғасырлық тойларын өткізуге дайындалып жүргендерін тілге тиек етуім мұң екен:

– Оны несіне тантисың. Сен де жасасаң, мойныңа арқан, аяғыңа тұсау болған кім бар! – деп алдында ғана дүп-дүрыс отырған «сүйіктімнің» арбадан бұзылған атша тулағаны.

– Елден естігенімізді айтсақ та айыпты болғанымыз ба? Біз қай бетімізбен той тойламақпыз. Айналайын-ай, қойшы енді, – деймін жалынып.

– Жо-жоқ. Тұрлаусыз тірлігіңнің бәріне мені кінәлайсың. Сенен мен қандай рақат көрдім, а? – деп долылыққа көкбеттігі ұласып, әй бір көсілді дерсің. Құлағым қалқиып, шекем шытынап, мен де қайбір төзімді жанмын, қояншығым қозып қоя бергені.

– Сенсің, тұп-тура сенсің менің бағымды байлаған, – деп салдым. Сол сол-ақ екен:

– Басыңа әңгір таяқ ойнатармын әлі. Мә саған! – деп аяулым алдындағы тәрелкесін асымен ала салып маған қарай тасша зулатқаны. Мен де қарап қалмадым. Қолыма ілінген аяқ-табақ, қасық, шанышқыларды лақтыра бердім. Пышақтың көзге түспегеніне тәубе.

«Шайқастың» қаншаға созылғанын білмеймін. Шаршап-шалдығып, екеуміз екі бұрышқа барып құлаппыз.

Ертеңінде басымды көтерсем, ыдыс сынықтарын сыпырып әйелім жүр.

– Әй, қапыда еш жеріне қатты тиіп кетпеп пе? – деймін іргеге қарап жатып.

– Жоқ. Сені жазым боп кетті ме деп қорқып едім, – дейді ол.

– Жүре білінбесе, ештеңе байқалмайды. Қолымнан тартып жіберші, – деймін әдейі салмақ салып.

Қайтеміз енді, бар қолдан келер тірлігіміз осы болса. Титық пен Пәтуа болса – ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, келін түсіріп, немере сүйіп отырған берекелі, кең іргелі бақыт иелері. Шіркіндердің татулықтарын айтсаңшы. Енді-енді табысып, бал айын бастаған жас жұбайлардай құмарта құшақтасқандарын көрсең ғой. Он жетінді ойлап, еріксіз көзіңе жас аласың. Әдетте бірін-бірі іссапарға шығарып салса да немесе сол сапардан қайтарында күтіп алса да, сағыныса сүйісіп, ынтыға аймаласып жатқандары. Көресің де қызығасың.

Бізде ше?! Іссапарға аттанар сыбыс естілді дегенше, басқа пәле жабысты дей бер.

– Ескі көз ашынаңды іздеуге аттандың ба?

– Ол жақта сарғая күтіп тағы бір сүйіктің отырған шығар?

– Үйден қырық қадам алыстадым дегенше, қатын алмастырдым демейсің бе! – деген сияқты құлақ етіңді жейтін кекесінді, сорақы әзілдермен басталып, «тұздықты» сөздермен жал-ғасып, соңы үйреншікті жаға жыртысумен аяқталатыны бар.

Ойпырым-ау, арғы аталарымыз неткен көріпкелі бар адамдар болған десеңші… «Ит екеш ит те иесіне тартады» дейтіндері рас екен. Бұлардың балалары да іштен оқып туатын болса керек. Шетінен білімді, еңбекқор. Әке-шешелерінің қас-қабақтарын бағып, ымына жүгіріп тұрғандары. Үлкені кішісін, кішісі үлкенін сыйлап, кесе-көлденең өтпейді-ау, өтпейді.

Менің қара сирақтарым қашан келсең де қырық пышақ болып, қырылысып жатқандары. Тұңғышыма жөн айтудан да қалдым. «Мынауың дұрыс емес» деуге жүрегі құрғыр дауаламайды. Өйткені ішіп келген күні есіне түссе, сақалдан алып сабап кетуден де тайынбайды. Қызымның кәдімгі қолбаласымын.

Ертеңгілік жұмысқа асығып тыпыңдап бара жатып, бұрышты айнала бере, Титықтың қарнына тұмсығым тіреліп қалды. Көргеннен қолымды қысып, хал-ахуалымнан қысқаша мағлұматқа қанықты. Ел азаматтарының ішіндегі «Қоңыр құлжасы» атанған жандардың ілтипатының өзі неге тұрады. Ал ол ыстық ықыласын танытып, жұп-жұмсақ алақанын ұсынды ғой. Не айтарымды білмей, қанатынан қайырылған қара құсша қалбалақтадым да қалдым.

– Той тойға ұлассын! Жығыла жақтап, жабыла мақтап, тұщымды тілектер арнап жүрген жұрттан таяуда күміс той өткізетіндеріңізге құлақтанып, қуанып жатырмыз.

– Басыңа – құлақшын, астыңа – тай, аузыңа – май! Халқым – қанатым, жақсы сөздері – жарым ырысым емес пе?! Көлденең жолығар кеселден аман болсақ, ақ жүректі ағайындарға әлі-ақ алқалы тойдың ақ дастарқанынан дәм татырармыз. Ал жақсы, жүрісіңе желіс бітсін!

– Инфарктен аман, жел-құздан таза болғайсың, – дедім де, өзім бет алған жаққа қарай итініп ілгерілей бердім.

…Біреуді шаңдаттырып, біреуге шаң қаптырып қойған қайран уақыт-ай десеңші! Кеше ғана доп қуып, итпен ойнап, қайраннан балық аулап бірге жүретін Титық бүгін кім, мен кіммін?.. Титық – талтаңдап төбеге шыққан адам, мен болсам – титықтап төменде қалған әйтеуір тірі пендемін.

Жаңа не деп кетті өзі? Күміс той деді ме-ау!.. Иә, солай деді. Осы тұста қажып, қалтырап келе жатқан қауашағыма қайдағы-жайдағы бір сайтан ой сап ете қалғаны.

…Ол менің де жалын боп лаулап, қынаптан суырылған қылыштай қылшылдап тұрған бозбала кезім болатын. Пәтуа есімді осы қызға сыртынан қызықпайтын еркек кіндіктілер ауылымызда кемде-кем еді. Тіпті кәрі атамның өзі: «Пәленшенің қызын-ай, үріп ауызға салғандай толықсып тұрау, толықсып тұр. Келін ғып түсірер ме еді шіркінді!» – деп тамсанғанда аузының суы құритын. Бұл сылқымға мен де өліп-өшіп ынтықтым. Ол қайда жүрсе, мен сонда барамын, яғни із кескен аңшыдай соңына түстім. Қаншама жүрекжарды жылы сөздер айтылды. Өлең боп та төгілді, ән боп та арналды. Біріне иліксеші…

Бір күні ешкімді көзіне ілмей, аспанға қарап жұлдыз санап, кеудесін керіп кердеңдеп жүретін осы Титық келіп килікті арамызға. Ол кербез қыз екеуі тым тез түсініскі. Пәтуа ойда-жоқта көктен шүйілген қырандай тиіскен Титықтың қос шеңгелінде бүріліп кете барды. Жаман түйенің жабуынша жалбаңдап мен қалдым.

Міне, енді солар отбасын құрғандарына ширек ғасыр толған тойларын тойламақ. М-м-м… Ей, менде жоқ, оларда бар, қандай махаббат бұлардікі сонда, а? «Ащы-ащы» дегізіп, жұрттың кеңірдегін жыртқызып қойып, өліп-өшіп сүйіспексіңдер ғой, ә? Тойлатармын мен сендерге. «Ащыларынды» «уға» айналдырармын. Бар жақсы мен тәттіні Титық пен Пәтуаның жарқыраған керекарыс маңдайына ғана жазып қойып па? Өзіме бұйырмағанды өзгелерге қиып, қалай ғана қарап отырым керек менің, а? Жо-жоқ. Олай бола қоймас. Екеуіннің араларына сумаңдатып сөз жүгіртіп, өсектен от жағып, дауыл тұрғызып, төсектеріннен шошытып, босағаларыңнан бездіріп, шаңырақтарыңды орталарына түсірмесем, Бүлдіргі атымды басқа қойыңдар…

Бұл іске, тіпті бүгіннен бастап кіріссем бе екен! «Сап, сап, көңілім».

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЫЗАҚ

Сезіктендірмес үшін араға біраз уақыт салған жөн болар. Десе де мұны неден, қалай бастасам екен, ә?.. Әлде… Тұра қал, тұра қал, келді ретке.

Аяқ ауыртып, ми шірітіп, алыстан іздеп әуре-сарсаңға түсудің қажеті жоқ. Кәдімгі қос жұдырықтай ғана құдіретті қобдишамен шапанның ішкі әдібіндей тіл табыссаң, болғаны. Не, «құдіретті қобдиша» дегенге зейінің жетпей отыр ма?

Ол – өзіңнің айтыс-тартыс, алыс-берісіңнің қолды-аяқты баласындай қамқоршысы болған телефон ғой, телефон. Міне, осымен дұрыстап жұмыс істей білсең, дегеніңе жеткенің. Тек, жат құлақтардан сақ бол, оңаша сәтті пайдалан.

Содан келесі айдың екінші жұмасының сәтіне бар күшімді жұмылдырып қойып, төзімімді тепкілеп ұстап, әзер жеткіздім және аптаның ақырғы жұмыс күнінің аяғында ұзаққа созылатын жиналыстың болатынын екі-үш тәулік бұрын ошақ иесінің дыбыс қабылдарына құрышын қандырып, құлақтандырып қойдым.

Қоғамдық жұмыс уақытының соңғы минуты соққанда, кабинетте Қожанасырдың моласындай қалқиып жалғыз қалдым. Ел аяғы әбден басылуын дегбірсіздене күттім. Сонан кейін ойлану орталығымдағы барымды қопарып іске қостым, яғни операцияны қалай ұйымдастыруды – тұтқиылдан қалай шабуыл жасап, ұрымтал жерінде немен соғып сілейтіп салудың, миларын шайқалтып, жүректерін жаралап, көңілдерін күпті етудің шұғыл шараларын жасадым. Керекті материалдар жетерлік, яғни бес қаруым сайма-сай. Тек өте сақтық, қырағылық, ұшқыр ойлылық керек. Мысалы, Титық жақында ғана іссапардан оралды.

Ана жаққа кеткенде бұл жақтағы әйелінің не істеп, не қойғанын қайдан білсін. Міне, осы тұсты бір кәдеге жарату қажет, яғни Титықтың көңілін, «Шынында да, сол уақытта солай болуы мүмкін-ау» дегендей, күдік ұялайтын сенімді дәлелдермен соққылап, есеңгіретіп тастау, менің іскерлігімнің еншісінде, әрине. Екіншіден, олар мені таниды. Сондықтан, әлбетте, ныспымды өзгертемін. Даусымды баритонға келтіріңкіреп, қоңыраулата, шыбжыңдамай нығыздала, салмақтана, маңғаздана сөйлегенім жөн. Өйткені Пәтуа – үрім-бүрім, қиқым-сиқымдарды көзге іле бермейтін нағыз керімсалдың өзі. Оны күйеуі де жақсы сезеді әрі сонысына сүйсінеді.

Тағы не керек еді? Иә, иә, үйінің телефон номерін, қай көшенің қандай санды үйінде, қай пәтерінде тұратындарын, қызметке қай уақытта кетіп, қашан оралатындарын егжей-тегжейлі зерттегенмін.

Міне, дәл қазір үйлерінде. Шаңырақтарының астында демалатын бөлмеде саяжайды жайлағандай шалжиып, әлем жаңалықтарымен танысып, газет-журнал аударыстырып жатыр. Әй, оқымайтындары жоқ шығар өздерінің. Көңілдері жай, ойларында да ештеңе жоқ. Маған да керегі осы емес пе. Күтпеген жерден дабыл қағып, сергелдеңге салайын бір.

Телефонның кіндігін шыңғыртып тұрып жеті рет бұрадым да, арғы жақтың жауабын күттім. Жағымды бикеш даусы:

– Ал-ло-оу, – деді сызылтып.

– Пәтуажан, өзіңсің бе? – дедім.

– Қазір шақырайын, – деді әлгі сылқым әдемі әуенмен.

– Қойшы, тіпті. Қалжыңыңның таусылмайтыны-ай! Осы еркелігің ғой мені өзіңе ынтықтыратын. Жаным, неғып кешігіп жатырсың? – дедім үздіге. Әрине, бұл сөздерді трубка көтерген бикештің ашуына тию үшін әдейі айттым.

– Кім-ей бұл, осынша үздігіп тұрған. Дауыс қатқылдана бастады.

– Қойшы енді, жаным, – дедім кенеше жабысып. Жолым болды. Пәтуаның өзі алса, ұрсып, лағнеттеп, телефон құлағын тастай салуы немесе ешкімге тіс жармай, ішінде сақтауы мүмкін ғой. Ал бұл не қызы, не келіні. Заты әйел емес пе, естігендерін жеткізер. – Бұрын бүйтіп көп сарылтпаушы едің. Отырмын екі көзім төрт болып, терезеге телміре қадалып. Сағынттың ғой ыстық құшағыңды, еркем!

– Миың шайқалған біреусің-ау, – деді де, трубканы үстел үстіне қоя салды. Арғы жақтағы шаң-шүң дыбыстар, арлы-берлі жүрген аяқтың тықылы, есіктің ашылып-жабылғаны естіліп тұр. Бұл абыр-сабырдың соңы неге ұласарына құмарта құлақ түрумен отырғанымда, «АТС»-пен байланыс жасап, қандай нөмерлі телефоннан сыр «ақтарып» тұрғанымды олардың анықтап алатындарын ескерсемші мен бейбақ. Әлден соң барып «құлаққа ұстарды» тұғырына қондырса керек, қолымдағы трубка «дүт-дүт» деп қоя берді.

– Мейлі, айтпағымды жеткіздім. Шаңырақ астында бір шайқастың басталғаны рас, – деп үлкен іс тындырғандай рақаттана керіліп, ризалықпен жымиып қойдым.

Сөйтіп отырып, өзімнің бүгінгі кешкі астан қағылғаным оралды ойыма. Е-е, алғашқы көрген құқайым дейсің бе? Түйір дәмсіз апталап та жүретін асқазан шыдар бір түнге. Негізгі мәселенің басы қайырылып, сайтан көңіл сабасына түсті ғой, әйтеуір.

Өз баспанаңда отырып мұндай іс тындырам дегенше, әпербақан әйеліңнің әңгір таяғының астында қалдым дей бер. Ал кабинетте өзіңді еркін сезінесің. Бұл жолы, шынында, тауып-ақ кеттім. Әй-й, өзім ғой…

Көз алдыма олардың ұяларында болып жатқан біздің үйдегідей айқай-шу, төбелес-жанжал кинодағыдай көлбеңдеп келе берді. Ыдыс-аяқ сынып, терезе шағылып, есік бұзылып дегендей… Әсерге беріліп қанша отырғанымды білмеймін, үстел үстіндегі қос жұдырықтай қобдиша жан біткендей безектегені. Апырым-ай, ә, кім болды екен?.. Мүмкін, өзіміздің басшылардың бірі шығар. Әлде менің мекемеде жиналыстамын дегеніме шүбәланып, телефон соғып тұрған әйелім бе?.. Мұрнымнан шаншылып әлі отырмын дермін. Көзге ілігіп, «жақсы» атанудың сәті бір түсті-ау деген алып-ұшпа көңілмен трубканы қаудырлағыма тақадым.

– Бұл кім екен? – деген салмақты дауыс саңқ ете қалды.

– Мен ғой, мен, Пәленшеев Бүлдіргі, – деп азан шақырылып қойылған атымды атап жіберіп, тілімді тістеп қалдым.

– Қасыңда кім бар?

– Өзім ғана, жалғызбын…

– Бұл телефонның түбін қашаннан күзететін болғансың? – деді. Үнінде зіл бар.

– Қызметтен соң қалып, үлгермеген жұмыстарды тындырып дегендей…

– Білдік немен шұғылданатыныңды.

– Иә, сол, мекеменің ана-мына шаруалары ғой.

– Жақсы, жалғастыра бер, – деді де, трубканы қоя салды. Даусы біздің басшылардыкіне ұқсаңқырамай ма, қалай, өзі?.. Жо-жоқ, солардың бірі. Қалжыңдап, дауыстарын өзгертіп отырған.

Осылайша, көңілім марқайған соң, ұсақ-түйек, ана-мына жұмыстармен шұғылданып, сағат жарымдай уақыт ұттырыппын. Енді «өлең төсегіме» жетіп жығылайын деген оймен жинала бергенім сол еді, шенді екі адам кіріп келгені.

Отырған жерімнен қозғалтпастан тұрып, «Мекеменің ішкі тәртіп ережесін – бұзып, қоғамдық жұмыс орнын жекебасының жат мүдделі ісіне пайдаланған» деп акт жасап, қол қойдырып алды.

– Жазығым жоқ қой, бұл не басынғандық, – дегендей сөз таластырып байқап едім:

– Қандай кінәңіздің бар екеніне кейін іскағаз жүзінде көз жеткізесіз, – деп қысқа қайырды иығында жұлдызы бары.

Ей, қойшы соны. Не қылса, о қылсын. Қарсыласып, айқайласып жүремін бе? Ең бастысы, бастықтардың назарына іліктім. Бүгінгі ойымдағым тынып, мақсатым орындалған күн болды.

Дүйсенбіде қызметке бұрынғымнан да ертерек келіп, болар «жақсылықты» күтіп, қасымдағыларға түк сездірмей, тымырайып, іштей ән сап отыра бердім. Сәске түсте:

– Сізді бастық шақырады, – деді хатшы «қиық қас» келіп.

Жүрегім аузыма тығылды. «Әрине, мақтайтын болды. Бос тұрған бөлім меңгерушісінің орнына жоғарылатып жіберуі де мүмкін-ау. Бол десе, амал жоқ, боламын ғой», деп қағынып-сілкініп, таранып-жөнделіп, кіріп бардым. Бұршақтың бұлтындай түнеріп, өрт сөндіргендей түтігіп отыр екен. Ішім қылп ете қалды. Қол қусыра иіліп берген сәлемімді де алмады. «Тізе бүк» деп те нышан танытпады. Алдыма бір бума қағазды тастай салды. Қолыма алып, ақтара бастадым. Ой, Жасағанай! Тәртіп қызметкерлерінің өткенде көз алдымда жасаған актісі, штраф салынғанын растайтын қағаз, сол күні менің қандай нөмірлі телефонға кай сағат, қай минутта, қандай нөмірлі телефонның түбінде отырып, кіммен, қанша уақыт, не деп сөйлескендігімді мойындататын іс құжаттары екен. Кейінгі сөйлескен адамға берген жауабым, оның айтқандары қаз қалпында қағазға түсіріліпті. Солармен бірге менің біреудің сүттей ұйыған отбасын іркіттей ірітуге әрекет жасағаным және мұндай басбұзар іске жұмыс кабинетіндегі аппаратты «жеккенім» үшін қызметтен ешқандай ескертусіз қуылатыным туралы мекеме қожасының бұйрығы қоса тіркеліпті. Аткөпір қағазды құшақтаған қалпым, ұнжырғам түсіп, шегіншектей бердім.

Осылайша, жұмыссыз қаңғып қалдым. Бала-шағаға қарарға бет жоқ. Телефон екеш, телефон да бар сырымды ашып беріп, тентіретіп жіберді. Өзімнен өзгенің бәріне де сенбеуге іштей серт бердім. Десе де батыл бастаған істі айқайлатып аяқтағанға не жетсін. Титық пен Пәтуаны бір-бірінен ажырастырмай көрге кірмеспін. Тек арандатудың ешкім, еш нәрсе куә болмайтын басқа бір жолын қарастыру керек. Бұл іске бел шешіп беріле кірістім. Бас, көз, құлақ, тіл, ауыз өз міндеттерін бір-бір мүшедей-ақ атқаруда. Ендігі салмақ қолға түсіп тұр. Сонда не істемекпін?.. Табылды!

Пәтуа өткен жылдары жазып жүрген ғылым кандидаттығы еңбегіне керекті деректерді зерттеп, Тесіктауға бірнеше рет барып қайтқан әрі әр барған сайын «Тесік» қонақүйіне тұрақтапты. Мінеки, ойната білген адамға осының өзі жеткілікті. Қатырып отырып хат жазу керек. Қолдың сыналар сәті туды. Компьютерге де сенбеген жөн. Құрысын, «сатып» кетеді. Жылдам қимыл жемісін де тез көрсетпек. Әпкел бері, қайда қалам, қағаз!

«Сүйіктім Пәтуа, қол-аяғың сау ма? Маубас мәз болып жүріп жатқан шығар. Жүрсін. Өзіңді өле сағындым.

Аз ғана, аз ғана уакыт болса да, кино лентасының үзігіндей-үзігіндей тәтті де ләззатты сәттерді қалай ғана ұмытармыз, қалай ғана сағынбаспыз! Әрі екеуіміз бұдан бес жыл бұрынғы алғашқы сапарыңда-ақ тез танысып, тым тез табыстық қой. Мен сенің әр келуіңді асыға күтетінмін. «Тесік» қонақүйінің төртінші қабатындағы өзіңнің табаныңның ізі қалған еденді аяғыммен басып, қолыңның табы түскен есік тұтқасын сипап қайтпасам, соңғы кездерде ұйқым қашатын ауруға шалдықтым. Сол дерттің емі де өзіңсің, жаным Пәтуа! Бұл ойнақты ортаңа енді қашан соғасың? Тесіктауда сенің тақырыбыңа байланысты зерттейтін материалдар көп қой. Соны сылтауратып, маубас «құлжаңды» алдап тастап, тағы да келіп кетсеңші. Ойнап-күліп, көңіл көтеріп, ең бір қызықты да қызулы сәттерді қайталайық. Өзің қолыңмен қалтақағазға жазып қалдырған мекенжайың маған тастап кеткен жүрегіңнің бір бөлшегі іспетті. Маржандай тізілген әр қарібің ең бақытты күндердің әр сәтінің белгісіндей елес береді көз алдыма. Саған деген сағынышымды сыздата түседі.

Жаным Пәтуа, үлбіреген ерніңнен құшырлана сүйіп, құшағына құмарта қысушы Сүлігің».

Осы хатты жіберу үшін Тесіктауға сапар шектім. Өйткені конверттің сыртындағы мөрі де көңілге күдік ұялатпайтындай болуы керек қой.

Енді қол қусырып, құлақ түріп, үйде бүк түсіп жату ғана қалды. Титық пен Пәтуаның шаңырағы шайқалыпты дегенді қашан есітер екенмін?

Арада біршама уақыт өтті. Еш өзгеріс жоқ. Бір күні кешкі асты ауызға ала бергеніміз сол еді, пошташы әйел бір шағын бума қағаз әкеліп беріп, «алдым» дегізіп қол қойғызып әкетті. Асығыс ашып оқыдық. Мені сол күннің ертеңінде аудандық сотқа шақыртқан қағаз екен. «Не үшін шақыртқандарын өзім де білмеймін» дегеніме қарамастан: «Жоқ, сен бірдеңені бүлдіргенсің. Бұл тегіннен-тегін жіберілген қағаз емес», – деп әйелім қоярда-қоямай, сол күні көрсетілген уақытта тіркемеше тіркеліп, бірге барды. Сот ағасы ішке кірген бетте аяулыма бір қағаздарды ұстата қойды. Ұрлана көз жіберіп едім, өз қолтаңбам. Менің өткендегі Пәтуаға жазған хатым. Оқып болып, қағазды жұмырлап менің бетіме былш еткізіп ұрған бетте қазан иесі көзі алақтап барып құлап түсті. Суық су бүркіп, дәрігер шақыртып жүріп «тірілтіп» алдық. Есін жия сала бұдан былай менімен жұптасып өмір сүре алмайтыны туралы арызын жазып, сотқа тапсырды. Екеуіміз, осылайша, ажырасып тындық.

Ақыры өз қолым да өзіме қастандық жасады. Енді бәрі де бітті. Қолмен істегенді мойынмен көтеруім керек!.. Десе де… Иә… Әлі де болса Титықтың өзінен көмек сұрасам ба екен? Жөні солау, осы. Бірақ аяғы құрғыр опасыздық жасамай, соған дұрыс бастап бара алса, жарады-ау!.. Әй, сенбеймін. Қазір өзімнен-өзім шошынамын. Кеттім, не де болса… «Ауп!..» Бәрібір мен – өзіме-өзім көр қазып, өлген адаммын.

Еркін ЖАППАСҰЛЫ
qazaqadebieti.kz.
сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2024Г. КОЛИЧЕСТВО УСЛУГ, ОКАЗАННЫХ ЕНПФ ПРЕВЫСИЛО 31 МИЛЛИОН

В период с 01.01.2024 г. по 31.08.2024 г. Единый накопительный пенсионный фонд оказал населению свыше 31,6 млн. услуг. Из общего количества – более 15 млн. проведено в электронном формате, в автоматическом – порядка 15,4 млн. в удаленном формате – 0,4 млн. В очном формате было оказано более 783 тыс. услуг, в том числе непосредственно в офисах Фонда порядка 755 тыс.

За отчетный период значительно возросло количество услуг, оказываемых в автоматическом режиме, прежде всего – открытие счетов (ИПС/УПС/ЦНС) и карточек участникам целевых требований. Данный рост обусловлен введением с 1 января 2024 года в Казахстане обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР), а также расширением функционала ЕНПФ по учету и начислению выплат в рамках программы «Нацфонд – детям». Напомним, что все пенсионные счета открываются в ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. Также автоматически начисляются целевые требования и целевые накопления участникам программы «Нацфонд – детям». Стоит отметить, что автоматическое открытие счетов, начисление целевых требований несовершеннолетним гражданам и учет сумм ОПВР, является возможным благодаря интеграции ЕНПФ с базами данных государственных органов.

Всего за отчетный период 2024 года общее количество открытых индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) по всем видам пенсионных взносов, включая условные пенсионные счета (УПС, открываемых в результате перечисления ОПВР работодателем) и целевых накопительных счетов (ЦНС, в рамках программы «Нацфонд-детям») превысило 4,8 млн. во всех форматах.

По-прежнему популярной услугой является получение выписки с индивидуального пенсионного счета, условного пенсионного счета (УПС), а также целевого накопительного счета (ЦНС). С начала года с ИПС, УПС, ЦНС было выдано более 17,1 млн. выписок, из которых 13,5 млн. – в электронном виде и более 3,0 млн. в автоматическом режиме.

ЕНПФ напоминает, что в личном кабинете на сайте и в мобильном приложении вкладчики (получатели) имеют возможность воспользоваться такими услугами, как внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, устранение кредиторской задолженности, получение справки о наличии счетов, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно или по добровольным пенсионным взносам, отслеживание статуса заявления на выплату, перевод части накоплений управляющим инвестиционным портфелем (УИП), прогнозный расчет будущей пенсии с помощью пенсионного калькулятора и т.д. в режиме 24/7 в любой точке мира.

На изменение реквизитов за январь-август 2024 года было принято более 143,9 тыс. заявлений, из них более 131,0 тыс. – в офисах Фонда. Обращаясь за той или иной услугой к специалистам ЕНПФ, вкладчики, как правило, получают дополнительные консультации и советы по формированию сбережений.

В рамках информационно-разъяснительной работы проведены порядка 28,0 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовали более 587 тыс. человек. В средствах массовой информации были размещены 26,7 тыс. материалов по сообщениям ЕНПФ.

Количество поступивших обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило порядка 433,3 тыс.

Напомним, что любая компания может подать заявку на проведение презентации и консультаций по вопросам накопительной пенсионной системы с выездом в офис, для чего нужно просто позвонить в call-центр по номеру 1418 или обратиться через сайт или мобильное приложение Фонда.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники.

ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛ ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ И СОСТАВИЛ 1,92 ТРЛН. ТЕНГЕ

Чистый инвестиционный доход казахстанцев за 8 месяцев 2024 года составил порядка 1,92 трлн. тенге, что больше на 883,05 млрд. тенге или 85,3% показателя аналогичного периода прошлого года.

При этом за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ) вкладчикам и получателям поступил доход в размере 1,91 трлн. тенге, что превышает объем этих взносов, который составил 1,78 трлн. тенге.

Чистый инвестиционный доход по обязательным пенсионным взносам работодателя (ОПВР), перечисление которых началось только в 2024 году, составил 8,5 млрд. тенге при объеме взносов в 140,2 млрд. тенге.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, образованных за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ, за 8 месяцев 2024 г. составила 10,34% при инфляции за данный период 5,3%. Доходность пенсионных активов ЕНПФ, сформированных за счет ОПВР, по состоянию на 1 сентября 2024 с начала года – 8,52%.

При этом доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев по состоянию на 1 сентября 2024 составила 13,79% при инфляции в размере 8,40%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Для сохранности пенсионных активов и получения доходности Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) и управляющие инвестиционным портфелем (УИП) постоянно диверсифицируют инвестиционный портфель. То есть активы инвестируются в разные финансовые инструменты, валюты и регулярно перераспределяются с учётом рыночной ситуации. В обзорах инвестиционной деятельности Национального Банка РК, ежемесячно размещаемых на сайте enpf.kz, отражено, что по состоянию на 1 сентября 2024 года доходы были получены по всем видам инструментов.

Накопленная инвестиционная доходность в долгосрочном периоде также превышает инфляцию. С момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 сентября 2024 года нарастающим итогом накопленная доходность составила 911,20% при инфляции за весь период 799,59%.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, – на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ.

СОТРУДНИКИ ЕНПФ НЕ ОБЗВАНИВАЮТ ГРАЖДАН! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!

В последнее время отмечены случаи мошеннических действий по отношению к клиентам ЕНПФ. Для этого придумываются различные новые сценарии. Один из них – телефонные звонки вкладчикам и получателям под видом сотрудников Фонда, которые сообщают о якобы неправильных пенсионных отчислениях в ЕНПФ, необходимости посетить его отделение и возможности электронного бронирования очереди с уведомлением через SMS. В дальнейшем мошенники просят назвать номер талона либо код, пришедший Вам на телефон и подтвердить его. Таким образом они могут получить доступ к Вашим банковским счетам и личным данным.

Во избежание обмана – важно знать: Сотрудники ЕНПФ не обзванивают граждан! Поэтому необходимо быть бдительными и не сообщать никакие коды посторонним, а также не переходить по незнакомым ссылкам.

Как защитить себя?

• Никогда и никому не сообщайте свои коды и пароли.

• Проверяйте информацию через официальные каналы.

• Если кто-то беспокоит Вас якобы от имени ЕНПФ, просто повесьте трубку и свяжитесь с Фондом напрямую!

• Не пользуйтесь услугами посредников, обещающих помощь в получении финансовых и пенсионных услуг, поскольку этим вы доверяете незнакомым людям свои персональные данные, которыми они могут воспользоваться в корыстных целях.

Поделитесь этой информацией, чтобы ваши близкие тоже были в курсе и защищены!

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно: посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ, через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418, на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» («Twitter») и «Instagram».

ЗАКОН

УТВЕРДИЛИ НОВЫЕ ПРАВИЛА РАБОТЫ ИГОРНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

И.О. МИНИСТРА ТУРИЗМА И СПОРТА КАЗАХСТАНА 9 ОКТЯБРЯ 2024 ГОДА УТВЕРДИЛ НОВЫЕ ТИПОВЫЕ ПРАВИЛА РАБОТЫ ИГОРНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ, БУКМЕКЕРСКИХ КОНТОР И ТОТАЛИЗАТОРОВ. СОГЛАСНО ПРИКАЗУ, ОБНОВЛЕННЫЕ НОРМЫ РЕГУЛИРУЮТ НЕ ТОЛЬКО ОРГАНИЗАЦИЮ АЗАРТНЫХ ИГР И ПАРИ, НО И ПРАВИЛА ПРИЕМА СТАВОК, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ АГЕНТСТВА KAZINFORM.

Приказ обязует организаторов азартных игр, в том числе казино и залы игровых автоматов, разрабатывать и утверждать внутренние правила, которые должны соответствовать утвержденным типовым правилам. Они обязаны быть размещены на видных местах в заведениях и на главных страницах их интернет-ресурсов.

Идентификация игроков

Одним из ключевых требований новых правил является обязательная идентификация участников азартных игр. Процесс осуществляется на основании документа, удостоверяющего личность игрока, либо через сервис цифровых документов. Все данные вносятся в регистрационную форму — в бумажном или электронном виде. В ней указываются фамилия, имя, отчество, гражданство, ИИН, дата рождения, род деятельности, контактный номер и данные банковского счета игрока. В случае отсутствия возможности идентификации, игроку будет отказано в участии в игре до устранения причин.

Кроме того, категорически запрещается идентификация по копиям документов. Если человек отказывается проходить идентификацию, доступ к азартным играм ему также будет закрыт.

Заключение пари

Для участия в пари участник должен пополнить свой аккаунт деньгами или выигрышем. Пари заключаются до завершения события, за исключением тех, которые заключены в процессе его проведения. Выигрыш определяется на основании официальных данных о результатах спортивных событий.

Порядок предупреждения о рисках

Важным аспектом новых правил является профилактика негативных последствий азартных игр. Все игорные заведения обязаны размещать предупреждения о рисках и вреде азартных игр как в своих помещениях, так и на интернет-ресурсах. Казино и залы игровых автоматов должны регулярно информировать игроков о рисках, транслируя предупреждения через системы оповещения не реже одного раза в час.

Букмекерские конторы и тотализаторы вводят дополнительные меры: они предлагают игрокам ограничивать время игры и суммы ставок, а также предупреждают о времени нахождения в аккаунте и количестве проигранных средств.

Приказ вводится в действие с 11 декабря 2024 года.

Ранее в Казахстане были применены первые запреты на участие в азартных играх.

Также в РК появится Комитет по игорному бизнесу и лотерее. Он будет осуществлять руководство в сферах игорного бизнеса, лотереи и лотерейной деятельности.

Минитуризма и спорта наделили новыми функциями, теперь оно будет публиковать список организаторов незаконных казино.

Ранее сообщалось, что казахстанцы смогут на 10 лет запретить себе играть в казино или в букмекерских конторах — депутаты Мажилиса приняли во втором чтении соответствующий законопроект.

Бейсенбі - Четверг, 24 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00.00.15 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая
12.10 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10, 01.40 «Қос палата»
14.35 Ақсауыт
15.00, 21.25 телехикая «Сен қасымда болмасаң»
16.00 телехикая «Заманда-стар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
22.15 Телехикая
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
00.50 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу
02.05 «Сана»
03.05 «Тату-татті». Реалити-шоу 04.35 «Астық тасымалы». Арнайы жоба
05.00 «Ауылдастар

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 «Әке бақыты»
07.00 Оян
10:00 Сериал
12.00, 20.00 «Әйел бақытты»
14.00, 21.45 «Үлкен үй»
15.00 Шашу
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 Талқы
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
07.00 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.00 Адасқан сезім т/х
11.25, 23.25 «Мұрагерлер»
13.15 Бажа
14.00, 02.00 сериал
15.25 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 Сериал «Карина красная»
01.00 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Кешкі кездесу
07.00, 02.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
14.00, 01.10 Новости
14.15, 01.25 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 01.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.05 Ночной кинотеатр
03.30 кешкі кездесу

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.20 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Шеф-5»
13.00 мелодрама
15.00 мелодрама
19.30, 05.05 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама
23.50 о/детектив
02.20 мелодрама
05.30 намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Коронавирус»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» теле-хикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала» телехи-каясы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 TikTok show
12.50 Кино
15.00 Кино
17.30 Кино
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино
00.40 Телесериал «Клюк венный щербет»
01.40 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Озіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Q-елі
06.45 Телехикая «Алданған арман-2»
07.45 Кухня Великолепного Века
08.00, 18.00 Телехикая «Абы-сындар-2»
10.00, 20.00 Сериал «Велико-лепный век. Хюррем»
11.00 сериал «Рая знает»
13.00, 21.00 сериал «Осиное гнездо»
15.10 сериал «Пока станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 12 күн
02.10 Телехикая «Нағыз әке»
02.55 «Жеңіл кер».
03.55 «Япырай»
04.45 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.47 Үзіліс

Жұма - Пятница, 25 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.05 Әнұран
06.05, 04.15 «Жәдігер»
06.30, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ
07.00 «ТАНШОЛПАН»
10.00, 18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.00 Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған концерт
13.25 «Республика күні»
13.50 «Ұла дала таңы».
16.30 «Көңіл толқыны».
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА»
22.35 «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.30 «Ұла дала таңы».
02.30 «Ашық алаң»
03.25 «Республика күні»
03.50 «Атамекен».
04.35 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Әке бақыты»
07.00 «Оян!»
10.00 «Еркіндік пен егемендік»
10.30 «Королевский корги»
12.00,20.00 «Жар-Жар»
14.00 Концерт
15.00 «Almaty.Cover show»
17.30 «Көзқарас»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
19.00 Концерт
22.00 «ОйнаIQ»
23.15 «Убийство в восточном экспрессе»

АСТАНА

06.00 «Махаббат әлемі»
08.00 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.00 «Зита и Гита»
13.35 «Қоғам назарында»
13.55 «Инвестиция игілігі»
14.15 «Қайраткер»
14.50 «Шаншар»
15.50 «Бизнесмены»
18.00 «Ажырасам»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Мұрагерлер»
01.00 «Тақ тартысы»
02.00 «Робин Гуд.Принц воров»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
08.15 «П@УТИНА»
09.20 «Модный приговор»
10.10 «Лучше всех»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.10 «Медсестра»
02.20 «Басты жаңалықтар»
02.45 «KOREMIZ»
03.30 «П@УТИНА»
04.15 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Намыс»
09.20 «Вечерние новости»
10.00 «Было дело»
11.00 «Шеф-5 Возвращение»
13.00 «Никто не совершенен»
15.00 «Ты меня никогда не за-будешь»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Четвертая отрицательная»
02.10 «Ты меня никогда не за-будешь»
04.10 «Дау-дамайсыз»
04.55 «Кешкі жаңалықтар»
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 М/ф «Отырарды қорғау»
10.00 Республика күніне арналған концерт
11.00 Мерекелік бағдарлама / тікелей эфир
14.00 «Дала үні»
14.30 Мерекелік ән-шашу
15.30 К/ф «Кәріс келін»
16.45 «Әсем әуен»
17.30 Мерекелік концерт
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Арнайы шығарылым (Алма-ты облысы)
20.30 Арнайы шығарылым (Жетісу облысы)
21.00 Специальный выпуск (Ал-матинская область)
21.30 Специальный выпуск (Об-ласть Жетысу)
22.00 Мерекелік бағдарлама

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 «Тайм Вайн»
07.00 «Маша и медведь»
08.10 «Ип ман -2»
10.50 «Келіндер бәйгесі»
12.00 «Жар-жар»
14.10 «Астерикс и Обеликс»
16.50 «Ледниковый период-4»
18.50 «Доспехи Бога-3»
21.20 «Железный человек -2»
00.00 «Мақпал Жүнісова» ән кеші
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.50 Әнұран
06.02 «Q –елі»
06.45 «Сағындырған әндер-ай»
08.00 «Әзіл әлемі»
10.00,20.00 «Великолелный век, хюррем»
11.00 «Қазақша бизнес Үндістанда»
13.00 «Осиное гнездо»
15.10 «Пока станица спит»
16.00 «Stranger»
21.00 «Аппақ келін»
22.40 «Эртугурул»
23.40 «Батыл жүрек»
00.40 «12 күн»
02.10 «Нағыз әке»
02.55 «Жеңіп көр»
03.55 «Япырай»
04.45 «Құтты қонақ»
05.47 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 26 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.40 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30,17.00,02.00 Ақпарат
07.00,05.05 «Ауылдастар»
07.35 «Қызық екен....»
08.30 «Республика күні»
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР»
10.00,18.40 «Қол созған үміт»
12.00 «Тату-тәтті»
13.50 «Жұлдызды жұп»
15.00 «Ерте көктем»
17.20 «Ел мұраты-еркіндік».
20.00 «Жұлдызды жұп»
22.15 «Өгей өмір»
23.15 «Томирис»
02.20 «Тату-тәтті»
03.50 «Теледәрігер»
04.40 «Атамекен»

ХАБАР

05.00 «Mandai ter»
06.00 «Асыл қазына»
07.00 Концерт «Абайлаңыздар!»
09.00 «Өз елім»
09.30 «Неосеть»
10.00 «Пес-самурай и город кошек»
11.20 «Артур и Минипуты»
12.00 «Убийство в восточном экспрессе»
14.00 «Қызық times»
15.30 «Үлкен үй»
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»
21.45 «Меня зовут Кхан»
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
07.00 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.00 «Адасқан сезім»
11.40 «Шаншар»
12.50 «Ажырасам»
14.50 «Бажа»
16.50 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ-2»
20.00 «Sapar times»
21.55 «Адасқан сезім»
00.00 «Робин Гуд:Принц воров»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
08.00 «П@УТИНА»
09.00 «QAIMAAҚ»
09.40 «Поехали»
10.30 «Как выйти замуж за мил-лионера»
14.25 «Юг»
18.10 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
20.10 «Медсестра»
00.45 «Кензели»
02.40 «П@УТИНА»
03.25 «Тамаша city»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.25 «Інжу»
08.25 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
09.00 «Было дело»
10.00 «Четвертая отрицательная»
14.00 «Күзде гүлдеген ағаш»
15.30 «Бейтаныс жұлдыз»
17.10 «АЛДАРАСПАН»
21.00 «Жизнь справок не дает»
01.40 «Было дело»
03.40 «Күзде гүлдеген ағаш»
04.55 «ІНЖУ»
05.55 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»

ЖЕТІСУ

07.00 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Отырарды қорғау»
14.30 «Абадан»
15.00 «Аман болайық»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.40 «Астана аспаны»
18.00 «Жарқыра»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Менің анам»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.00 «12 ЧАСОВ»
11.40 «Біз екеуміз»
13.50 «Ледниковый период-4»
15.50 «Ледниковый период. Столкновение неизбежно»
18.00 «Железный человек-2»
20.40 «Железный человек»
23.30 «Спасти рядового Райана»
02.30 «Bizdin show»
03.40 «31 әзіл»
04.00 Time Vine
04.20 Tik Tok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 әзіл
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.45 Әнұран
06.02 «Q-елі»
07.10,17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
08.00,19.45 «Кухня Великолеп-ного Века»
08.10 «Қазақша бизнес Үндістанда»
10.00, 20.00 « Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Аппақ келін»
12.20 «Lemon»
14.40 «Старик Хоттабыч»
16.40 «Сөздің қысқасы Ардақ Қасымханмен»
18.00 « Таптым-ау сені»
21.00 «Маска» мега-шоу
22.45 «ӘЙГЕРІМ СЕЙФОЛЛАНЫҢ СЫРЛАСУЫ»
00.00 «Әзіл man»
01. 10 «Бастық боламын»
02.00 «Нағыз әке»
03.00 Қызықты Weekend
03.50 «Жеңіп көр»
05.20 «Құтты қонақ»
05.47 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 27 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ауылдастар»
06.55 «Дәуір даналары»
07.45 «Қызық екен...»
08.40,17.00 «Көңіл толқыны»
09.40 «АҚСАУЫТ»
10.00,18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.25 «АТАМЕКЕН»
15.00 «Ерте көктем»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «АҚОРДА»
21.00 Концерт«Майра Мұхамедқызы»
22.25 Телехикая «ӨГЕЙ ӨМІР»
23.20 «Жаужүрек мың бала»
01.45 «Апта»
02.35 «Ақорда»
02.50 «Атамекен»
03.15 «Әйел әлемі»
03.45 «Күміс көмей»
04.30 «Дәуір даналары»
05.10 «Ақсауыт»

ХАБАР

05.00 «Mandai ter»
06.15 «Асыл қазына»
07.30 Концерт «Туған ел»
09.00 «Замана заңғары»
09.30 «Пес-самурай и город кошек»
10.45 «Упс....Приплыли»
12.00 «Меня зовут Кхан»
14.00 «Cover show»
16.00 «Үлкен үй»
18.30 «ОйнаIQ»
19.00 «Qunar+»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»
21.45 Кино
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.00 «Адасқан сезім»
11.25 «Зу-Зу Күлпәш-2»
13.30 Концерт Юлдуз Усманов-ой
16.25 «Опасные связи»
21.55 «Адасқан сезім»
23.50 «Бизнесмены»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»
08.10 «П@ytina»
09.10 «Воскресные беседы»
09.20 «Повара на колесах»
10.20 «Как выйти замуж за миллионера-2»
14.20 Кино«Юг»
18.05 «Вне зоны доступа»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Медсестра»
01.20 «Родня»
02.40 «П@ytina»
03.25 «Тамаша city»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Алдараспан»
10.40 «Парад Юмора»
12.00 «Жизнь справок эне даёт»
16.10 «Дариға жүрек»
20.00 «Кел, Шырқайық!»
21.00 «Иірім»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Ради твоего счастья»
03.30 «Бейтаныс жұлдыз»
04.50 «Кел, шырқайық!»
05.35 «Дариға жүрек»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.35 «Шашу»
13.15 «Менің анам»
13.30 «Келіп көр»
13.50 «Ұлт ұяты»
14.30 «Жайдарман»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Шашу»
17.40 «Құтты қонақ»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Мейірімсіз ұл»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Маша и медведь»
11.00 «12 ЧАСОВ»
11.40 «Жар-жар»
14.00 «Ледниковый период. Столкновение неизбежно»
16.10 «Доспехи Бога-3»
18.50 «Железный человек-3»
21.50 «Телохранитель Киллера»
00.30 «Bizdin Show»
02.00 «31 әзіл»
03.00 Tik Tok show
03.30 «1001 әзіл»
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.25,03.00 Қызықты Weekend
07.35,16.30 Кухня «Великолеп-ного Века»
08.00 «Здоровье с Айнур Тажи-ной»
08.20 «Старик Хоттабыч»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Маска Казахстан»
13.00 «Таптым-ау сені»
15.00 «Что это было»
15.30 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
18.00 «Coco Jambo»
21.00 «Таптым-ау сені»
22.45 Динара Сатжан
00.00 «Әзілman»
01.10 «Бастық боламын»
02.00 «Нағыз әке»
03.50 «Жеңіп көр»
05.20 «Құтты қонақ»
05.47 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫНДА ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ПӘРМЕНДІ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛУ ҮСТІНДЕ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІ ДЕ АРТА ТҮСУДЕ. ЕҢ БАСТЫСЫ СОТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОҢДЫ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ.

Бұл тұрғыда алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерінің де қатары көбейе түскенін айта кету керек. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы 4-қазанда өткен Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезінде сөйлеген сөзінде еліміздің сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген негізгі жетістіктерге тоқталып, оның ішінде алқабилер тәжірибесі кеңінен қолданыла бастағаны, қазір оларды іріктеу жұмысы цифрлық жүйеге толық көшкендігі жайлы атап өткені де жарқын дәлел болса керек. Осы орайда, мына бір деректерге назар сала кетсек. Үстіміздегі жылдың 1 қаңтардан бастап елімізде енген жаңашылдықтың бірі – алқабилер соты қарайтын қылмыс түрлері санының артқаны болып табылады. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, бұрын олардың қарайтын ісі 31 түрлі болса, енді 44-ке жетті. Жаңадан қосылған баптардағы қылмыстардың кейбірі бұрын алқабилерсіз аудандық және қалалық соттарда қаралатын. Енді бұған жаңа санат қосылды.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, алқабилер соты Қылмыстық процестік кодексінің негізгі қағидаттарын жарыспалылық пен тараптардың теңдігін, кінәсіздік призумциясын және басқа да қағидаттарды бекітуде маңызды рөл атқарады екен. Дереккөздерге сүйенетін болсақ, кейінгі кезде алқабилер соты қараған істер бойынша 10% дейін ақтау үкімі шығарылады екен. Ал салыстырмалы түрде алсақ жалпы соттардағы бұл көрсеткіш 1,5-2% ғана құрайтын көрінеді. Алқабилердің соты билік пен халықты жақындастыруды қамтамасыз етеді. Қоғамдық құқықтық деңгейін және құқықтық мәдениетін сондай-ақ, сотқа деген сенімділікті арттыруға ықпал етеді.

Азаматтарға алқабилер сотының қандай артықшылықтары мен ерекшеліктері бар екенін қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, алқабилер соты институты Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде оның қоғамдық мәртебесін нығайту, халықтың биліктің тәуелсіз тармағы ретінде соттарға сенімін нығайту үшін қажет. Алқаби сот төрелігін жүзеге асыру кезінде белгілі процессуалдық тұлғаға айналатындықтан алқаби болу – әрбір азамат үшін құрметті әрі жауапты міндет. Алқаби дегеніміз – санасы заң қағидаттарының ықпалынан тәуелсіз, қылмыс жасаған адамның кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы шешім қабылдаған кезде тек арұятты, әділдікті және өзінің сенімін басшылыққа алатын заң талабы аясында іріктеліп алынған адам.

Асқар БЕЙІМБЕТОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ

АЛҒАН ДА, БЕРГЕН ДЕ, ДЕЛДАЛ ДА ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

СЫНАПТАЙ СУСЫП ӨТІП ЖАТҚАН ЖҮРДЕК УАҚЫТТЫҢ ЖЕТЕГІНДЕГІ ҰШҚЫР ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ АҚПАРАТТАР АҒЫНЫНАН КҮН САЙЫН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСТЫ КҮДІКПЕН ҰСТАЛЫП, АБАҚТЫҒА ҚАМАЛЫП ЖАТҚАН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЛЫ ЕСТІП БІЛУ ҮЙРЕНШІКТІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛЫП БАРА ЖАТҚАНЫ ҚҰПИЯ ЕМЕС.

Сондықтан сотта қаралып жатқан осы әлеуметтік кеселге байланысты қылмыстық істер қатары да көбеймесе азаяр сыңайы жоқ. Бұл қылмыстың кең тараған түрі пара беру және пара алу болып табылады. Сот отырыстарында осындай істерді қарау барысында мәселенің мәнісіне терең үңілер болсақ, тіптен пара берушінің өзі лауазымды тұлғаның пара алуына бірінші болып ықпал еткен жағдайлар да кездесіп жатады. Бұл әрекеттерін олар білдірген «рахметім» деп санайды. Кейде мұндай жағымсыз әрекеттер делдал арқылы жасалады. Ал кейіннен пара алушының заңға қайшы әрекеті әшкереленіп, тергеу органдарына түскен кезде жаңағы «рахмет» айтқан адамды да, парақорлыққа делдалды да жауапқа қоса тартқан кезде «Жаздым, жаңылдым, мен бұл заңсыз әрекет екенін білмеппін», – деп ақтала бастайды. Алайда, бұл жерде тағы да «Заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды» деген екінші қағида алдынан кескестейді. Қысқасы, тығырыққа тіреліп, ақыры айыптылар орындығанан бір-ақ, шығады.

Ендеше, осындай өкінішті жағдайға тап болып қалмас үшін әркім өзінің жасайтын әрекеттерін «жеті өлшеп бір рет кескеннен» кейін ғана жасағандары абзал. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа байланысты қарапайым заң қағидаларын білудің артықтығы жоқ. Жоғарыда айтып кеткендей Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің талаптарына сәйкес пара алушы да, оған пара берген адам да, делдал да қылмыстық жауапқа тартылады.

Пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу дегенді қалай түсінуге болады. Атап айтқанда, ҚКнің 366-бабына сәйкес пара алу деп, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы танылады. Ал осы кодекстің 367-бабының негізінде пара беру деп, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру танылады. Сонымен қатар, ҚКнің 368-бабына сәйкес парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету танылады.

Жанар МҰХАТАЕВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

ТІЛІМІЗДІ ТӨРГЕ СҮЙРЕУ – ӘРКІМНІҢ ПАРЫЗЫ

ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ НЫШАНЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ. АНА ТІЛІ-ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ НЕГІЗІ. ҰЛТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСҚАННАН КЕЙІН ӨЗ АЛДЫМЫЗҒА ТУ ҚЫЛЫП ҰСТАҒАН ТУҒАН ТІЛІМІЗ – ҚАЗАҚ ТІЛІ.

Егемендіктің елең-алаңында мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің қолданыс аясын кеңейте түсуге ықпал ететін құқықтық, заңдық негіздер қаланудың арқасында тәуелсіздік жылдары ана тілдік кеңістікте көп жағдайлар өзгерді. Кезең кезеңмен арнаулы мемлекеттік бағдарламалар да қабылданып келеді. «Қазақстанның Ұлт бірлігі» доктринасы қабылданып, онда мемлекеттік тілді меңгеру бұдан былай «… әркімнің парызы мен міндеті» – деп атап көрсетілді. Өткен жылдың қазан айында Қазақстанда тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, бүгінгі таңда онда белгіленген шаралар жүзеге асырылу үстінде. Бұдан басқа да пәрменді шаралар жүйелі түрде қабылданып келеді. Ендеше, мемлекеттік тілдің мәртебесін асыруға және оның қолданыс өрісін кеңейте түсуге ешбір кедергі жоқ, бейнелеп айтқанда тілімізді төрге сүйреуге әрқайсымыз өзіндік үлес қосу арқылы, көсегесін көгерте түсеріміз айдан анық.

Бүгінгі өскелең заманда көп тілді меңгеру жайлы жиі әңгіме қозғалып жүргені баршаға аян. Иә, бұл шынында да жастарымыздың өркениетті елдерге барып, білім алуына, әрлі-берлі еміне-еркін қарым-қатынас жасап, тіл жағынан кедергіге ұшырамауына қолайлы жағдай туғызары даусыз. Сондықтан бүгінгі жастарымыз негізінен шет тілдері мен орыс тіліне баса назар аударып, өздерінің ана тілдері қазақ тілін меңгеруді кенжелетіп жататыны да құпия емес. Басқа тілді білу – әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды. Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте деп қадап айтқан ғой ұлы ақын Қадыр Мырза Әли ағамыз. Сондықтан алдымен ана тілімізге айрықша мән беру әркімнің абзал борышы болуы керек қой. Қазақ тілімен қоса басқа тілдерді де қатар алып жүрген жандар көп қой.

Бұл маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Манат ҚАСБАҚБАЕВ,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

ӘСКЕРИ ӨМІР

МАҢДАЙАЛДЫ ЖЕТІСУЛЫҚ ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жетісу» шекара бөлімшесінің тарихы тым тереңде. Негізгі бастауын өткен ғасырдан алады.

Жылнамасы бірнеше жылға созылатын әскери ұжымды мамандығына адал қызмет еткен офицерлер басқарды. Қазіргі кезде «Жетісу» шекара бөлімшесіне аға лейтенант Мадияр Шәріпбек басшылық жасайды. Бұған дейін бірнеше лауазымды абыроймен атқарған шекарашы офицер бөлімшенің қырағы қызметін жоғары деңгейде жалғастыруда.

Мемлекеттік шекараны заңсыз бұзуға талпынған шекара бұзушылардың жолына тосқауыл бола білген жасыл күңқағарлылардың қызметіне халық

риза. Жылдың төрт мезгілінде қару асынған шекара наряды биылғы жылдың басынан бастап шекара тәртібін бұзған бірнеше азаматты құрықтады.

Шекара шебін күзетудегі тәжірибесі мол жетісулық шекарашылардың алдағы уақытта мол жетістікке қол жеткізетініне сенімдіміз!

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

«БЖЗҚ» АҚ 2024 ЖЫЛДЫҢ 8 АЙЫНДА КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САНЫ 31 МИЛЛИОННАН АСТЫ

01.01.2024 ж. бастап 31.08.2024 ж. дейінгі уақыт аралығында "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 31,6 млн. астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 15 млн. астамы электрондық форматта көрсетілсе, 15,4 млн. жуық қызмет автоматты түрде, ал 0,4 млн. қашықтықтан жүзеге асырылды. Күндізгі форматта 783 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 755 мың қызмет ұсынылды.

Есепті кезең ішінде автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны едәуір өсті. Әсіресе, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу ерекше серпін бергенін байқауға болады. Бұл өсім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын (ЖМЗЖ) енгізуге, сондай-ақ, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде төлемдерді есепке алу және есептеу бойынша БЖЗҚ қызмет ауқымын кеңейтуге байланысты болды. Естеріңізге сала кетсек, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі. Атап кету керек, шоттарды автоматты түрде ашу, кәмелетке толмаған азаматтарға нысаналы талаптарды есептеу және ЖМЗЖ сомаларын есепке алу БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялануының арқасында мүмкін болып отыр.

2024 жылдың есепті кезеңінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашылған ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (НЖШ, "Ұлттық қорбалаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны барлық формат бойынша 4,8 млн. асты.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ, нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу – әлі де ең танымал қызмет қатарында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 17,1 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның ішінде 13,5 млн. үзінді көшірме электронды түрде (үзінді көшірмелердің жалпы санының 78%) және 3,0 млн. астамы автоматты режимде рәсімделген.

БЖЗҚ сайттағы және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында деректемелерді өзгертуге 143,9 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 131,0 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңестер ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында шамамен 28,0 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 587 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 26,7 мың материал жарияланды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 433,3 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

2024 ЖЫЛДЫҢ 8 АЙЫНДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІНЕН АСЫП, 1,92 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2024 жылдың 8 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі шамамен 1,92 трлн. теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен ол 883,05 млрд. теңге немесе 85,3% артық.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға 1,91 трлн. теңге мөлшерінде кіріс түсіп, 1,78 трлн. теңге болатын жарналар көлемінен асты.

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестициялық кіріс 8,5 млрд. теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ көлемі – 140,2 млрд. теңге.

2024 жылдың 8 айында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 5,3% болған кезде 10,34% көрсетті.

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 8,52%.

Қордың зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша инфляция 8,40% құрағанда ол 13,79% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық порт-фельді үнемі әртараптандырып отырады. Яғни зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестициялық қызметіне жасалған шолуда, 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 799,59% болғанда, 911,20% көрсетті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдегі кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын – БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

БЖЗҚ МАМАНДАРЫ АЗАМАТТАРҒА ҚОҢЫРАУ СОҚПАЙДЫ! МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!!

Соңғы кездерде БЖЗҚ салымшыларына қатысты алаяқтық әрекет жағдайлары орын алуда. Ол үшін әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда. Соның бірі – салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлерінің атынан қоңырау шалып, БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдары қате жасалғандығы, сол үшін оның бөлімшесіне бару қажеттігі және SMS арқылы хабарландыру тәсілімен кезекті электрондық брондауға мүмкіндігі бар екені туралы айтылады. Бұдан кейін алаяқтар телефонға келген талон нөмірін немесе кодты атап, растауды сұрайды. Осылайша олар сіздің банктік шоттарыңызға және жеке мәліметтеріңізге қол жеткізе алады.

Мұндай алаяқтыққа жол бермеу үшін келесіні білгеніңіз маңызды: БЖЗҚ қызметкерлері азаматтарға қоңырау соқпайды! Сондықтан қырағы болып, бөгде адамдарға ешқандай код бермеңіз. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз.

Өзіңізді қорғау әдістері:

• Өз кодтарыңыз бен құпиясөздеріңізді ешкімге, ешқашан айтпаңыз.

• Ақпаратты ресми арналар арқылы тексеріңіз.

• Егер Сізді әлдекім БЖЗҚ атынан мазалайтын болса, тұтқаны қойып, тікелей Қормен хабарласыңыз!

• Қаржылық және зейнетақы қызметтерін алу үшін көмек көрсетуге уәде беретін делдалдардың қызметтерін пайдаланбаңыз. Себебі, сонымен бірге Сіз жеке деректеріңізді құйтырқы әрекеттерге пайдаланатын бейтаныс адамдарға сеніп тапсырасыз.

Осы ақпаратты өз жақындарыңызға таратыңыз. Олар да хабардар болып, қорғана жүрсін!

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

– enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,

– байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс арқылы, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X (Twitter) және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

АЙТАРЫМ БАР

ЗАҢДЫ БІЛМЕУ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТПАЙДЫ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 4-ҚАЗАНЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ СЪЕЗІ ӨТКЕНІ БАРШАҒА АЯН. БҰЛ ФОРУМДА СӨЗ СӨЙЛЕГЕН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВ: «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМІ. БҰЛ – ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ БІРДЕЙ, ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫ ДЕГЕН СӨЗ. СОЛ СЕБЕПТІ, СОТ ОРГАНДАРЫ АЗАМАТТАРДЫҢ БАСТЫ ҚОРҒАНЫ БОЛУЫ КЕРЕК. ЕЛДЕ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ОРНАСА, ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІ НЫҒАЯДЫ» – ДЕП АТАП ӨТТІ.

Демек, заң талаптарын сақтамаса, заң алдында бәрі бірдей жауапты болатынын тағы да қадап айтты. Өкінішке орай, судьяларға қатысты орынсыз жала жабатындар бар болғандықтан, ондай әрекет үшін де заң талабы белгіленгенін тағы ескерте кеткен артық болмас. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін бірер мысалдар келтіре кетейік.

Жоғарғы Соттың интернет кеңістігіне мониторинг жүргізіп тұратыны белгілі. Мониторинг нәтижесі көрсеткендей, ондағы көптеген негативті пікірлерде судьяға жала жабу фактісі анықталған. Осы деректерді тергеп тексеру жүргізу нәтижесінде, ҚК-нің 411-бабы 1-бөлігі бойынша, «судьяға қатысты жала жабу» фактісімен қылмыстық іс қозғалған.

«Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп көзсіз пікір қалдыратындарға заңда осындай жауаптылық барын түсіндіру маңызды.

Орайы келгенде мына бір мәселеге де тоқтала кетсек. Отандық журналистер, өз материалдарында, сотталушыға қатысты «Қылмыскер», «Алаяқ» деген сөздерді пайдаланып жатады. Бұл заңға қайшы. Өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігі 1) тармағына сай адамның кінәлі екендігі, заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Сәйкесінше, сот үкімі шықпай тұрып азаматты «қылмыскер» деу оның арнамысына, беделіне нұқсан келтірумен тең. Сондықтан журналистер мен блогерлер де кінәсі сот үкімімен дәлелденбеген адам туралы жазғанда әр сөздің салмағын сезінулері керек.

Іс бойынша мүдделі тұлғалар қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы манипуляция жасап, судьяға немесе алқабилерге қысым көрсетуі мүмкін. Соттың мәртебесі, оның беделі мен тәуелсіздігі мемлекеттегі заң үстемдігінің, сонымен қатар, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың нақты көрсеткіші болып саналады. Алдағы уақытта да резонансты қылмыстық істерді онлайн режимде трансляциялау жоспарда бар болғандықтан судьяға қатысты негізсіз сын мен дәлелсіз жала жабуды болдырмау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен блогерлерге қатысты белгілі бір шектеулерді енгізу қажет. Болмаса, жарияланым жасап, өздерінің ұпайларын түгендеп алған соң жеңіл-желпі ескертумен құтылатынын білген журналистер, алдағы уақытта да теріс қадамға баруы ғажап емес.

Сол себепті судья мен сотқа қатысушылардың мүддесін қорғау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен блогерлерге қаралып жатқан қылмыстық іс бойынша белгілі бір ақпараттарды жариялауға, сот үкімі шықпай тұрып сотталушыны кінәлі деп айыптауға тыйым салу қажет. Мұндай әрекетті заңды білмей жасағандар үшін заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын еске салғымыз келеді. Ал бұл талапқа құлақ аспай, заңды белінен басатын-дарға қолданылатын жазаны қатайту керек.

Абдулла ДОСАНОВ,
Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОРРУПЦИЯ

НЕГАТИВНОЕ ЯВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Всем известно, что коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана. Закон о противодействии коррупции регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики Республики Казахстан.

Антикоррупционная политика – правовые, административные и организационные меры, направленные на снижение коррупционных рисков, повышение доверия общества к деятельности государственных органов, и иные меры в соответствии с настоящим Законом. Коррупционное правонарушение – имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена административная или уголовная ответственность.

Закон о противодействии коррупции действует на территории Республики Казахстан в отношении физических и юридических лиц. За пределами Республики Казахстан Закон действует в отношении граждан Республики Казахстан и юридических лиц, зарегистрированных в Республике Казахстан, если иное не предусмотрено международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена Президентом Республики Казахстан К. К. Токаевым. – Борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски, – отметил Глава государства в своем выступлении в совещании по вопросам противодействия коррупции.

Только эффективное сдерживание коррупции – общепризнанное условие построения правового государства. В государственной программе борьбы с коррупцией отмечается, что коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны.

Таким образом, необходимо отметить, что для достижения важной цели – вхождения нашего государства в число самых развитых стран мира, в активной работе по противодействию коррупции должны участвовать все граждане, проживающие в нашей стране.

Дастан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,
старший судебный пристав Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

ЧСИ

ДЕЙСТВУЕТ СТРОГО ПО СХЕМЕ, ПРОПИСАННОЙ В ЗАКОНЕ РК

ЕСЛИ ВАМ ПРИШЛО СООБЩЕНИЕ О ТОМ, ЧТО НА ВАШЕЙ КАРТЕ/СЧЕТЕ СПИСАНЫ ДЕНЕЖНЫЕ СРЕДСТВА, ТО НЕОБХОДИМО, ПРЕЖДЕ ВСЕГО, ВЫЯСНИТЬ ПРИЧИНУ СПИСАНИЯ. БАНК ИМЕЕТ ПРАВО НАЛОЖИТЬ ОГРАНИЧЕНИЯ В ВИДЕ ПРИОСТАНОВЛЕНИЯ ТРАНЗАКЦИЙ, А ТАКЖЕ МОЖЕТ НАЛОЖИТЬ АРЕСТ НА ДЕНЬГИ, НАХОДЯЩИЕСЯ НА БАНКОВСКОМ СЧЕТЕ НА ОСНОВАНИИ СООТВЕТСТВУЮЩИХ РЕШЕНИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ ИЛИ ДОЛЖНОСТНЫХ ЛИЦ. АРЕСТ МОЖЕТ БЫТЬ НАЛОЖЕН СУДАМИ, СУДЕБНЫМИ ИСПОЛНИТЕЛЯМИ НА ОСНОВАНИИ СООТВЕТСТВУЮЩИХ АКТОВ И ПОСТАНОВЛЕНИЙ. К НИМ ОТНОСЯТСЯ РЕШЕНИЯ ПО НЕВЫПЛАТЕ АЛИМЕНТОВ, НЕУПЛАТЕ НАЛОГОВ, ДОЛГОВ ПЕРЕД ТРЕТЬИМИ ЛИЦАМИ, ШТРАФОВ И Т.Д.

ЧСИ – частный судебный исполнитель, гражданин Республики Казахстан, занимающийся частной практикой по исполнению исполнительных документов без образования юридического лица на основании лицензии частного судебного исполнителя, выданной Комитетом по исполнению судебных актов. Частный судебный исполнитель исполняет свои должностные обязанности от своего имени и под свою ответственность. Налогообложение сумм оплаты деятельности частного судебного исполнителя осуществляется в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан.

Их работа заключаются в том, чтобы выполнить решение суда, которое было вынесено после разбирательства. На руках у них – обязательный к исполнению документ, заверенный печатью (документ может называться: исполнительный лист, исполнительная надпись, постановление суда, налоговый приказ, предписание о необходимости уплаты штрафа и тому подобное).

Если в течение всего времени заемщик не погасит задолженность перед кредитором или не подаст апелляцию, кредитор после получения исполнительного листа в суде, сможет взыскать долг принудительно, через банк либо через Республиканскую палату ЧСИ, которые в свою очередь действуют строго по схеме, прописанной в законе РК «Об исполнительном производстве». При открытии производства частный судебный исполнитель информирует должника, автоматически направляется SMS-извещение, судебный исполнитель принимает меры принудительного исполнения, производит блокировку денежных средств на банковских счетах должника в пределах взыскиваемой суммы.

Частный судебный исполнитель (ЧСИ) – человек, который вправе наложить арест на счета, имущество должника, удерживать часть заработка, отобрать жильё. И всё это на законных основаниях. Конечно, делает это он не по собственному желанию, а потому что это его работа. ЧСИ действуют только на основании исполнительного документа, согласно решению суда. К примеру: человек не возвратил долг по займу и кредиторы подали на него в суд. Необходимо всегда помнить, что кредит – это большая ответственность! В случае удовлетворения иска судом в пользу кредитора, должник обязан выполнить решение суда, либо оспорить его в установленные законодательством сроки.

Если вы знаете, что не в состоянии оплачивать кредит несколько месяцев, лучше добровольно прийти к кредитору и сказать об этом. Обычно кредиторы идут навстречу заемщикам, особенно если финансовые трудности временны и вызваны, например, потерей работы, болезнью, другими серьезными причинами и пр. Если вы попали в затруднительное финансовое положение, подготовьте документы, достоверно подтверждающие снижение дохода и отсутствие возможности дополнительного заработка. Вам могут предложить варианты по снижению финансовой нагрузки, такие как реструктуризация кредита, рефинансирование или изменение графика платежей. Кредиторы не заинтересованы в судебных тяжбах, ведь этот процесс не выгоден для всех.

Айгерим АСБЕКОВА,
частный судебный исполнитель области Жетісу.
Город Талдыкорган

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

ВАЖНОЕ УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ ИМИДЖА СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ

Судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства. Поэтому основной составной частью повышения имиджа судебной власти является повышения культуры судебных процессов.

В этой связи, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Порядок в судебном заседании достигается через точное соблюдение процессуальных норм, а также норм судебной этики всеми участниками (судом; лицами, участвующими в деле; иными участниками хозяйственного процесса). К общим условиям судебного разбирательства относится и определенный законом ритуал судебного заседания, которым обеспечивается уважение к суду и возможность благоприятного рассмотрения дела. В частности, все участники процесса и присутствующие в зале судебного заседания встают при вхождении суда и беспрекословно подчиняются всем его распоряжениям и дают показания стоя. Строгое соблюдение судебного ритуала эмоционально воздействует на присутствующих, создает определенную морально-психологическую атмосферу осуществления судопроизводства, предупреждает возможность недисциплинированного поведения.

Немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела. Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.Особый порядок открытия судебного заседания, объявления судебных постановлений, обращения участников процесса к судье, другие правила гарантируют нормальную процессуальную деятельность суда.

В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Эльнара ИСАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Коксуского районного суда.

АЗАРТНЫЕ ИГРЫ

ПРАВИЛА ДОПУСКА ГРАЖДАН К АЗАРТНЫМ ИГРАМ УЖЕСТОЧИЛИ

С 9 СЕНТЯБРЯ 2024 ГОДА ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ ПОПРАВКИ В ЗАКОН РК "ОБ ИГОРНОМ БИЗНЕСЕ", МЕНЯЮЩИЕ ПРАВИЛА АЗАРТНОЙ ИГРЫ В КАЗАХСТАНЕ. СОГЛАСНО ЭТОМУ ЗАКОНУ В КАЗАХСТАНЕ РАСШИРЕН КРУГ ЛИЦ, КОТОРЫМ НЕЛЬЗЯ УЧАСТВОВАТЬ В АЗАРТНЫХ ИГРАХ И ПАРИ.

Если ранее запрет распространялся на "физических лиц в возрасте до 21 года, а также лиц, ограниченных в участии в азартных играх и (или) пари". Отныне к ним присоединяются государственные служащие и приравненные к ним лица: к антикоррупционным ограничениям для чиновников добавляются азартные игры (пункт 6 статьи 12 Закона РК "О противодействии коррупции".

Кроме того, в казино и в букмекерские конторы не будут допускать людей, о которых имеются сведения в Едином реестре должников. В статью 15 Закона РК "Об игорном бизнесе", где перечислялись лица, которым запрещается участие в азартных играх и пари, добавили пункт 3, запрещающий играть лицам:

"Имеющим неисполненные обязательства по исполнительным документам об имущественных взысканиях, включенным уполномоченным органом, осуществляющим реализацию государственной политики и государственное регулирование деятельности в сфере обеспечения исполнения исполнительных документов, в Единый реестр должников".

Отныне отдельно подчеркивается, что запрещена деятельность электронных казино и интернет-казино, предлагающих поиграть в Сети (пп. 2) пункта 2 статьи 6 Закона; ранее это не регулировалось, в статье говорилось о некоем "онлайн-казино"). А дополнениями в статью 307 УК установлена даже уголовная ответственность за те же самые электронные казино и интернет-казино (до двух лет лишения свободы по общему правилу и до семи лет с конфискацией имущества в самом пиковом случае).

В частности, вводится уголовная ответственность для тех, кто участвует в создании и функционировании онлайн-казино. Новые законодательные инициативы, направленные на борьбу с зависимостью от азартных игр, предусматривают привлечение к ответственности организаторов виртуальных игровых платформ. Возможные варианты наказания включают в себя наложение штрафа в размере до 2 000 минимальных расчетных показателей, назначение до 600 часов общественных работ, ограничение свободы на период до двух лет, а также лишение свободы на аналогичный срок с возможной конфискацией имущества.

Ерлан МАМЕЛЬЯНОВ,
старший судебный пристав СМЭС области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА НЫСАН

ШЕКАРА МАҢЫНДАҒЫ АУЫЛДА СПОРТЗАЛ САЛЫНДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ЖАҢА СПОРТ НЫСАНЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ. ЗАМАНАУИ СПОРТЗАЛ ПАНФИЛОВ АУДАНЫ КӨКТАЛ АУЫЛЫНДА ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ.

Нысанның ашылу салтанатына Бейжіңде және Парижде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегерлері Демеу Жадыраев пен Нұрбақыт Теңізбаев қатысты.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне қарағанда, ауылдық елді мекендерде спорт объектілерінің қажеттілігін азайту бағытындағы жұмыстар шеңберінде өңірде «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен модульдік үлгідегі жылдам тұрғызылатын спорт кешендерін салу жобасы бастал-

ды. Осыған сәйкес Көктал ауылында ангар үлгісіндегі жаңа спорт залы салынды. Онда командалық спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Нысанның жалпы ауданы – 1300 шаршы метр.

Көктал – ауданның ең үлкен ауылдық елді мекені, мұнда 10 мыңнан астам адам, ал ауылдық округте 12 282 адам тұрады.

«Ауылымызда халық тығыз қоныстанғанына қарамастан, бізде бұған дейін спорт кешені болған жоқ. Балалар жаттығуға көрші ауылдарға баратын. Енді өзіміздің заманауи спорт залымыз бар. Бұл – бәріміз үшін де қуаныш», – деді жергілікті тұрғын Сайлау Солтанқұлов.

Мемлекет қолдауының арқасында жуырда Панфилов ауданының Үшарал ауылында жаңа спорт кешені ашылады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

ЖАРЫСТАР КҮНДЕЛІГІ



Қытайдың Тайан қаласында спорттық жарға өрмелеуден Азия чемпионаты аяқталды.

9-14 қазан аралығында жартасқа өрмелеуден Қытайдың Тайан қаласында Азия чемпионатының жалауы желбірейді. Бұл жарыста Әмір Маймұратов, Бекнұр Алтынбеков, Жандос Қалибай, Дамир Тоқтаров, Ришат Хайбуллин, Жандос Қалибай, Тамара Ұлжабаева, Әсел Марленова, Азат Майкөтов, Маргарита Ағамбаева, Дарья Кузьменко, Елизавета Литус сынды отандық спортшылар өнер көрсетеді.

Бейжіңде теннистен жасөспірімдердің ITF J300 China Open турнирі өз мәресіне жетті. Өз қатарластары арасында әлемнің 15-ракеткасы атанып отырған Әмір Омарханов бұл бәсекеде бас жүлдені олжалады. Финалда ол британиялық Оливер Бондингтен басым түсті – 6:0, 6:4. Сөйтіп, қандасымыз жекелеген сайыстардағы алтыншы титулына қол жеткізді. Бұған дейін Әмір Тайланд (J300), Оңтүстік Корея (J300), Мысыр (J100), Грузия (J60), Қарағандыда (J60) өткен турнирлерде топ жарған.

Еліміздің танымал кәсіпқой боксшысы Ангелина Лукас (10-1, 5 КО) Бангкокта ұйымдастырылған турнирде аргентиналық Деборой Анаи Лопеспен (21-2-1, 1 КО) жұдырықтасты. Бұл жекпе-жекте отандасымыз төрешілердің шешімімен жеңіске жетіп, IBO нұсқасында екінші аса жеңіл салмақтың чемпиондық белбеуін иеленді.

Бұл күндері Астанада үстел теннисінен Азия чемпионаты өтіп жатыр. 26 мемлекеттен келген 210 үміткер бақ сынап жатқан дүбірлі додада Қазақ елі намысын Кирилл Герасименко, Алан Құрманғалиев, Ескендір Харки, Айдос Кенжеғұлов, Санжар Жұбанов, Сарвиноз Мірқадырова, Зәуреш Ақашева, Анастасия Лаврова, Әнел Бақыт, Ангелина Романовская қорғайды. Жарыс 13 қазанда аяқталады.

Көру қабілеті нашар шахматшылар арасындағы әлем чемпионатын биылғы жылы Үндістанның Бангалор шаһары қабылдады. Жастар арасындағы жарыста Нұрғиса Қуанышұлы 9 кездесуден кейін 6 ұпай жиып, қола медальді иеленді.

ТУРНИР

АБУ-ДАБИДЕ БҰЙЫРҒАНЫ – ҮШ ҚОЛА

ДЗЮДОДАН АБУ-ДАБИДЕ «GRAND SLAM» ТУРНИРІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. БҰЛ ЖАРЫСТА ЕЛІМІЗДІҢ 12 БАЛУАНЫ ӨНЕР КӨРСЕТІП, СОЛАРДЫҢ ҮШЕУІ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРІЛДІ.

Жарыстың бірінші күні Әбиба Әбужақынова алғашқы жүлдені қоржынға салды. 48 кг салмақта күрескен ол ойда жоқта ресейлік Марина Воробьевадан ұтылып қалғанымен, франциялық Лаура Эспанинья мен германиялық Сара Иштыдан айласын асырып, қола медальді мойнына ілді. 60 кг салмақ дәрежесінде үшінші орынға тартыс қазақтың қос өрені – Дәурен Сүйкенов пен Мағжан Шамшаддин арасында өтті. Оның алдындағы бәсекелерде Дәурен Александру Тирцина (Молдова), Балабей Ағаев (Әзербайжан), Комолиддин Бахтиеровтан (Өзбекстан) басым түсіп, Изнаур Сааевқа (Ресей) есе жіберді. Мағжан Ника Хузаурашвили (Грузия) мен Самараддин Қошқаровты (Өзбекстан) қапы қалдырып, Ривол Седрике (Франция) жол берді. Шешуші бәсекенің тағдыры «шидо» арқылы шешілді. Шамшаддин үш ескерту алғандықтан, жеңіс Д.Сүйкеновке берілді.

Әйелдердің аса ауыр салмақ дәрежесінің алғашқы кездесуінде қазақтың қос бұрымдысы белдесті. Назгүл Маратова мен Карина Тәкиева арасындағы белдесу біріншісінің пайдасына шешілді. Қатысушылар санының аздығынан бірден жартылай финалға жолдама алған Назгүл франциялық Корали Хэймнен жеңілгенімен, қола медальға тартыста ресейлік Анастасия Холодинаны қапы қалдырды. Дәл сол межеден көрінуге Каринаның да мүмкіндігі болды. Алайда, ол шешуші тұста хорватиялық Хелена Вуковичтің осал тұсын таба алмай, бесінші орынды қанағат тұтты.

Өкінішке қарай, өзге жерлестеріміз сенім үдесінен шыға алмады. Тұсаукесер кездесулерінде Дархан Қойбағар (66 кг) Байсангур Багажевтен (Сербия), Жалғас Қайролла (81 кг) Абдул-Керім Тасуевтан (Ресей), Руслан Мұсаев (81 кг) Винченцо Пеллиградан (Италия), Мәди Еділбаев (+100 кг) Өткірбек Тұробоевтан (Өзбекстан) ұтылды. Екінші кезеңде Әділбек Берікұлы (66 кг) Мұхриддин Тилоловтан (Өзбекстан), Ермек Амангелді (73 кг) Татсуки Ишихарадан (Жапония), Есмигүл Куюлова (63 кг) Карлотта Аванзатодан (Италия), Әділет Сапарғалиев (100 кг) Арман Адамяннан (Ресей) айласына асыра алмады.

Жеңімпаздар

ЕРЛЕР: 60 кг – Изнаур Сааев (Ресей), 66 кг – Мұрат Шопанов (Ресей), 73 кг – Махмадбек Махмадбеков (Тәжікстан), Ерлан Шеров (Қырғызстан), 81 кг – Зелим Цакаев (Әзербайжан), 90 кг – Мансур Лорсанов (Ресей), 100 кг – Майкл Коррел (Нидерланд), +100 кг – Валерий Ендовицкий (Ресей).

ӘЙЕЛДЕР: 48 кг – Сабина Гилязова (Ресей), 52 кг – Бишрелтийн Хорлоодой (Моңғолия), 57 кг – Сейя Балльхаус (Германия), 63 кг – Манон Декетер (Франция), 70 кг – Маргит де Вогд (Нидерланд), 78 кг – Анна Монта Олек (Германия), Корали Хэйм (Франция).

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ТЕЗ ҰЙЫҚТАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ӘДЕТТЕР

Ұйқысыздықпен қиналатын адамдар күні бойы шаршап жүреді де, түнде ұйықтап кете алмайды. Тез ұйықтап кетуге көмектесетін бірнеше әдет бар. Олардың әрбіреуін байқап көріп, өзіңізге сай келетінін таңдаңыз.

Мазасыз ойлардан арылу

Адамдардың ұйықтап кете алмауының жиі кездесетін себебі – мазасыздық. Ойыңызда күні бойына болған жағдайлар мен диалогтарды қайталай бергеннен гөрі оларды күнделікке жазыңыз. Осылайша, миыңызды тазарта аласыз.

Гаджеттерді сөндіру

Ұялы телефон, компьютер немесе планшет сізге ұйқыға дайындалуға кедергі келтіруі мүмкін. Құрылғының көк жарығы ұйқы гормоны – мелатониннің табиғи бөлінуіне кедергі келтіреді. Сондықтан гаджеттерден ұйықтауға 30 минут қалғанда бас тарту керек. Қайта-қайта әлеуметтік желіге кіріп, алаңдай бермес үшін телефонды төсегіңізден алысқа қойыңыз.

Тыныс алу жаттығуларын жасаңыз

Түрлі тыныс алу жаттығуларын жасап көруге болады. Мысалы, төрт секунд бойы тыныс алып, төрт секундқа тынысты тоқтатып, төрт секунд бойы тынысты шығару керек. Тыныс алу жаттығулары ағзаны ұйықтауға дайындайды және тыныштандырады.

Жатын бөлмені желдету

Ауаның қолайлы температурасы – сапалы ұйқы үшін аса қажет шарт. Ауа жоқ бөлмеде ұйықтау жағымсыз және зиян. Алайда, өте салқын бөлмеде де ұйықтауға болмайды. Ұйықтар алдында бөлмені желдетіп алған дұрыс.

Тыныштандыратын сусындар ішу

Кей сусындар ағзаны ұйықтауға дайындайды. Мысалы, шие шырыны, түймедақ шайы, жалбыз шайы және жылы сүт.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Адамзат баласы өзге жаратылыс иелерінен ақылы арқылы ерекшеленеді. Ал ол ақылды орынды пайдалана білмесең ақымақ болып кетуің де ғажап емес.

АҚЫЛДЫ КӨРІНУДІҢ АЛТЫ ЖОЛЫ

Олай болса ақылың жететінін дәлелдеп, жұрт алдында жеке тұлға ретінде көріну үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды. Ондай болса, ақылды көрінудің алты жолын тізбелей отырайық.

1. Сөйлеу мәнері

Көп тұста сіздің айтып отырған сөзіңізге емес, сөйлеу мәнеріңізге баса мән беріледі. Тіпті сіз сөйлеу мәнері арқылы өтірікті де шындай жеткізуіңіз мүмкін. Бұл тұста сізге эмоцияңыз да көмектеседі. Эмоция қосу керек. Себебі сөйлеу мәнерінің қарқыны зор маңызға ие. Гей-гейлеп сөйлеуден жаныңыздағылардың іші пысып кетуі мүмкін.

2. Жабық киіну

Жабық киінудің өзі ақылды көрінудің бір белгісі. Мұны бұл күндері зерттеушілер де дәлелдеп отыр. Оның себебі – ашық киінген адам ақылын бір сәт ысырып, тән сұлулығын ғана ойлайды екен.

3. Көзге тура қарап сөйлеу

Қазақ танымында қыз бала ер адамның көзіне тура қарап тіл қатпайды. Ал батыс елдерінде мұндай түсінік жоқ. Олар әңгіме барысында көзге тура қарап сөйлеседі. Негізінен түрлі сұхбаттар мен әңгіме барысында екінші адамның көзіне тура қарап сөйлесу – сенімділік пен көшбасшылықтың белгісі де.

4. Күлкі

Зерттеушілер күлкінің де ақылды көрінуге септігі барын жасырмайды.

5. Сенім

Алға қойған мақсатыңа жету үшін сенім керек. Сенімнің өзі адамды ақылымен танытады. Ақылға салып қарар болсаң, түрлі стереотиптер мен өзгелердің жағымсыз пікірлері үшін ақымақ көрінудің қажеті жоқ.

6. Есіміңді өзгерту

Сіздің есіміңіз айтуға қиындау, бірден есте қаларлықтай болмаса, неге өзгертпеске? Әрине, лақап атқа. Байқасаңыз, танымал адамдардың көпшілігінің шын есімдері басқа. Қарапайым да жеңіл айтылатын есімнің өзі адамның танымалдылығын арттырады.

Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Ару ҚҰРМАНҒАЛИ

Сағыныш НҰҒЫМАРҰЛЫ

Игорь СЕМЕНОВ

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – корректор

Кезекші редактор: Т. ИЕМБЕРДИЕВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1111
Индекс 15534